Соңғы жылдардағы ұлттық экономиканың даму қорытындылары қазақстандық экономика мен қазіргі шаруашылық жүргізу моделі жаһандық әлемдік дағдарыс жағдайында уақыт сынына төтеп бергенін көрсетеді. Әлемдік экономиканың интернационалдану және интеграциялану процестері қарқынының артуы жағдайында, бір жағынан, ұлттық шаруашылықтардың барынша жаһандануы жүріп жатыр, бұл экономикаға мемлекеттің ықпалын азайтуға алып келуі тиіс, екінші жағынан - әлемдік шаруашылықты ұйымдастырудың жаңа нысандары пайда болуда, ал бұл мемлекеттік реттеудің жаңа жағдайларға бейімделу қажеттігін талап етеді. Соңғы екі онжылдықта экономиканы реттеудегі мемлекет рөлінің дуалистік сипаты қаржылық реттеу мысалында ерекше байқалады.

Сонымен қатар, дамыған, дамушы және әсіресе әлсіз дамыған елдердің экономикалық даму динамикасындағы барынша өсіп келе жатқан алшақтық байқалады, бұл айтарлықтай дәрежеде жаһандану процесінің туындысы болып табылады және оның даму нысандары мен әдістерін және қаржы жүйесіне әсерін неғұрлым мұқият бақылауды талап етеді.

Сондықтан Қазақстанды осы процеске толыққанды қосу үшін оңтайлы-қолайлы жағдайларды табу мақсатында экономика жаһандануының трансформациялық процесінің бірқатар аспектілерін және олардың Қазақстанның қаржы саясатына әсерін зерттеу аса өзекті болып табылады.

Негізгі бөлім: әдістер, нәтижелер, пікірталастар. ХХІ ғасырдың тоғысындағы әлемдік даму үдерістерін сипаттайтын негізгі ұғым жаһандану болды. Оның мәні адамдардың, мемлекеттердің өзара байланысын кеңейтуден тұрады, бұл планетарлық ақпараттық кеңістікті, әлемдік нарықты қалыптастыру, экологиялық проблемаларды, этносаралық және конфессияаралық қақтығыстарды интернационалдандыру процестерінде көрініс табады.

Жаһандану ұғымы адам факторына және осы ұғымның идеализацияланған түсіндірілуіне байланысты болады. Бұл жөнінде үш негізгі пікірді атап өтуге болады:

- жаһандану - бұл болашақ өркендеу мен тыныштықты, барлық елдер үшін бірыңғай ережелерді қамтамасыз ету көзі, бай және кедей елдер арасындағы алшақтықты қысқарту тәсілі (кедейлер өзгерістерге сезімтал жеке компаниялардың көмегімен экономикада өз орнын таба алады);

- екінші пікір бойынша жаһандану - қоғамдар мен экономикалардың жаппай эволюциясына, басқару нысандары мен бүкіл әлемдік тәртіптің өзгеруіне жауапты қуатты трансформациялаушы күш. Ол біртіндеп отандық және шетелдік, ішкі және сыртқы проблемалар арасындағы айырмашылықтарды жояды;

- үшінші пікір оны миф деп санайды.

Жаһандандудың нақты анықтамасын беру өте қиын, себебі мәні бойынша ұқсас ұғымдар бар немесе бір ұғым басқаларды қамтиды. Сондықтан жаһанданду анықтамасын бере отырып, біздің ойымызша, шектеу қою қажет емес. «Жаһанданду» терминін алғаш рет 1983 жылы американдық Т. Левитт "Harvard Business Review" мақаласында қолданды. Бұл ұғыммен ол трансұлттық корпорациялар өндіретін жекелеген өнімдер нарықтарын біріктіру процесін сипаттады [2].

Сонымен қатар ғылыми әдебиетте кейбір авторлар «жаһанданду» терминінің пайда болуын америкалық социолог Р. Робертсон атымен байланыстырады, ол 1985 жылы «жаһанданду» ұғымына түсінік берді. Ал 1992 жылы кітапта өз тұжырымдамасының негіздерін баяндады.

Экономикалық ғылым өзінің күш-жігерін бес бағытты зерттеуге жұмсады:

- қаржылық жаһанданду;
- жаһандық трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) қалыптасып, нығаюы;
- экономиканың аймақтануы;
- әлемдік сауданың қарқынды дамуы және конвергенция үрдістері.

Зерттеушілер көбіне жаһандандудың (немесе экономикалық жаһандандудың) экономикалық құраушысына екпін жасайды, өйткені бүгінгі күні елдер арасындағы байланыс экономикада өте тығыз, өзара тәуелділік - қатаң, ал көпжақты үйлестіруге қажеттілік аса маңызды болып отыр.

Осыған байланысты әлемдік экономиканың «интернационализациялануы» мен «жаһандандуы» ұғымдары арасындағы айырмашылықтарды атап өтеді. Бірінші жағдайда әңгіме ұлттық мемлекеттің негізгі рөлі мен ұлттық экономикалардың салыстырмалы дербестігін сақтай отырып, экономикалық интеграция ықпалымен жекелеген ұлттық экономикалардың өзара тәуелділігін күшейту туралы болып отыр. Ал жаһанданду ұлттық экономиканың бірыңғай әлемдік экономикалық жүйенің, яғни жаһанданған экономиканың бір бөлігіне айналуына алып келеді.

Бұл мынаны білдіреді:

1) ұлттық экономикалық субъектілер қызметі ұлттық-мемлекеттік бірлестіктер шеңберінен шығады;

2) жаһандық деңгейге «жеке» экономикалық проблемалар көтеріледі - жекелеген елдердегі экономикалық ахуал мен процестердің дамуы басқа мемлекеттерге әсер етеді;

3) әлемдік экономикалық жүйе тұрақтылығының шарты ретінде түрлі мемлекеттердің ұлттық экономикалық саясатын жалпы әлемдік үйлестіру өзекті болады.

Жоғарыда айтылғандардан жаһандану өте күрделі, көпаспектілі, қарқынды дамып келе жатқан құбылыс екені түсінікті болады. Жаһандану үдерістерін зерттейтін ғылыми бағыт ретінде глобалистика аса маңызды мәнге ие болады.

Экономиканың жаһандануы - ғылыми-техникалық прогресс пен трансұлттық агенттер қызметінің кеңеюімен негізделген елдердің экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-техникалық, саяси-құқықтық және адамгершілік-эстетикалық өзара байланысын күшейтудің қайтымсыз эволюциялық процесі [3].

Жаһанданудың қауіп-қатерлері:

- мемлекеттік институттардың, ең алдымен бақылау және фискалдық, реттеуші ықпалының әлсіреуі жағдайында экономиканың көлеңкелі секторы артады;

- ашық экономикалық шекаралар жағдайында индустриялық дамушы елдерде тауарлар мен қызметтерді ұлттық өндірушілер сыртқы және ішкі нарықта бәсекелестікке төтеп бере алмайды;

- шетел инвестицияларының аса жоғары көлемі жағдайында ұлттық экономика инвестициялаушы елдің саяси және экономикалық шешімдеріне тәуелді болады;

- әлемдік қаржы-экономикалық жүйеде тұрақсыздық өседі: материалдық өндіріске қызмет көрсетумен байланысты емес және тек алыпсатарлық сипатқа ие қаржы ағымдары көлемінің өсуі байқалады, белгілі компаниялардың капиталдануы олардың нақты құнымен жиі сәйкес келмейді;

- халық табысының жіктелінуі нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, терроризм, экстремизм қатері күшейе түседі.

Жаһандану экономикалық егемендікке, экономикалық қауіпсіздікке және мемлекеттің ұлттық мүдделеріне қауіп төндіреді, демек, оған жауап ретінде кешенді шаралар жүйесін қамтамасыз ету қажет. Экономика жаһандануының қауіп-қатерін бейтараптандыру жүйесіне деген қажеттілік мемлекеттің өзінде де, халықаралық ұйымдардың үйлестірілген іс-әрекеттерінен көрінетін мемлекетаралық қатынастар деңгейінде де сезіледі.

Қазақстан социалистік жүйе мен жоспарлы экономиканың күйреуімен, нарықтық экономиканың қалыптасуымен байланысты ірі өзгерістерді бастан кешіріп, нарықтық экономикасы бар ел болып, жас мемлекет ретіндегі өзінің алғашқы жылдарын дамуда өткізді.

Сонымен қатар Қазақстанның қаржы саласында экономикадағы инфляциялық процестердің күшеюіне, банк секторының сыртқы борышының өсуіне, теңге бағамына байланысты елеулі проблемалар сақталуда.

Аталған проблемаларды шешу, ең алдымен, республиканың қаржы жүйесін дамытудың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, үкіметтің тиісті ақша-кредит, бюджет

саясатын жүргізуі, экономиканың барлық салаларында еңбек өнімділігін және өнеркәсіп өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау арқылы мүмкін болады.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандар келесі ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді:

- ұлттық экономиканың қаржы жүйесіне кері әсерін болдырмау мақсатында жаһандану үдерістерін зерделеуде теориялық-әдістемелік зерттеулерді тереңдету;
- елдің әлемдік экономикалық рейтингте алға жылжуына ықпал ететін отандық ғылыми базалық теорияларын әзірлеу мақсатында бәсекеге қабілеттіліктің өсуінің шетелдік теориялық тұжырымдамаларын тиянақты зерделеу талап етіледі;
- елдің қаржы саясатының даму деңгейі мен серпінін бағалау үшін оны қалыптастырудың барлық негізгі деңгейлерінде қажетті ақпараттық жағдайлар жасау;
- жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті экономиканы қамтамасыз ету үшін қаржы жүйесін жетілдіру шараларын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Әсері қаржы секторынан басқа да салаларды қамтып отырған жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында дамыған және дамушы мемлекеттердің отандық қаржы жүйелеріне қолдау көрсету жөніндегі күш-жігері ерекше орын алады.

Қалыптасқан жағдай көптеген елдердің үкіметтеріне өздерінің қаржы жүйелерінің құрылымына жаңаша қарауға, оларды реформалау қажеттілігін түсінуге және салыстырмалы қысқа мерзімде тиісті өзгерістерді жүзеге асыруға бірегей мүмкіндік береді.

Қаржы институттарының сенімділігін және қаржы ағындарының транспаренттілігін арттыруға мүмкіндік беретін негізгі өзгерістер бірінші кезекте қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, қадағалау және мониторингілеу саласында жүзеге асырылуы тиіс. Сондай-ақ қаржы жүйесін заңға қарсы мақсаттарда пайдаланудың үздіксіз жетілдіріліп келе жатқан практикасына қарсы күрес жөніндегі шараларға ерекше назар аударған жөн.

Қазақстанның қаржы секторы жүйелік сипаты бар факторлардың әсерімен қалыптасып, жұмыс істейді. Әр түрлі факторлардың жиынтық әсері қаржы секторы институттары қызметінің тәжірибесі пысықталатын және бекітілетін ортаны құрады, яғни қаржы секторының экономиканың нақты секторына ықпалының бағыты мен дәрежесін және оның бәсекеге қабілеттілігін анықтайды [4].

Осыған байланысты қаржы институттары қызметінің практикасын қалыптастыруға ұзақ мерзімді әсер ететін жүйе құраушы факторларды жетілдіру мемлекеттік саясаттың басымдығы болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы. - [Ресми сайт]: <http://www.akorda.kz>
2. Коллонтай В.М. Эволюция западных концепций глобализации // МЭиМО. – 2009. - № 1.
3. Сагинтаева С.С. Дүние жүзілік валюта-қаржы жүйесі жаңғыруының экономикалық тұжырымдамасы. - Астана: ЖШС «ЦСЭП Консалтинг». - 2009.
4. Абдрахманова Б. Қаржы нарығының инфрақұрылымы // «Саясат». - 2010. - № 3.
5. Постфордизм: концепции, институты, практики / под ред. М. С. Ильченко, В. С. Мартьянова. — М.: Политическая энциклопедия, 2015.
6. Андропова Н.Э. Проблемы участия Российской Федерации в формировании новой финансовой архитектуры в условиях финансовой глобализации // Перестройка мировой финансовой структур: место и роль России. - М: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2016.
7. Пфаненштиль И.А. Современные процессы глобализации и геополитические последствия: социально-философское осмысление. Монография. - Красноярск: СФУ, 2013.
8. Гапоненко В.С., Лактионов В.И. Национальная безопасность как объект системного анализа // Информационный сборник по зарубежным странам и армиям. - М.: ГШ ВС РФ, 2010. - №1(134). - С. 13-26.
9. 36. Pashigan P. On the Control of Crime and Bribery // Journal of Legal Studies. Vol. 5, 2018.
10. Глинкина С., Клейнер Г. «Высветление» экономики и укрепление национальной безопасности России // Российский экономический журнал, № 5-6, 2016.
11. Мерер-Функ А. Нелегальная занятость и ее последствия для социальных систем и рынка труда Германии // Проблемы теории и практики управления, № 4, 2018 // www.ptpu.ru.
12. Тимофеев Л. Теневая экономика и налоговые потери в сельском хозяйстве: (О некоторых аспектах экономического поведения российских сельских жителей) // Вопросы экономики, № 2, 2016.
13. Султанов Т. Взаимосвязь между инфляцией, неплатежами, теневой экономикой и их влияние на динамику производства // Евразийское сообщество, № 1, 2015.
14. 38. Enste D. Shadow Economies: Size, Causes, and Consequences. // Journal of Economic Literature. Vol. 38, № 1. 2017. – P. 85-134.
15. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. // <http://adilet.zan.kz>

ҒТАМР 10.07.01

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ж.М. АМАНЖОЛ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Андатпа. Мәселе құқықтық қатынастарда заңды қолдану тек заңгерлерге ғана емес, жалпы қоғамға керек құрал, ал заңгерлердің басты мақсаты қоғамда ұтымды, тиімді, жүйе құрастырып халық арасында орнықтыру. Ал оны, әрине, тікелей жүзеге асыру мен орындау заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін кепілдердің дамуына байланысты. Ал кепілдер өз функцияларын атқармай, оларды әрі қарай дамытсақ, онда мемлекет ішінде заңдылық пен құқықтық тәртіп сақталмайды, құқық бұзушылықтар кең етек алып, әркім қалғанын істеп, елдің де, халықтың да берекесін ұшыратындай жағдайға дұшар еткізуі мүмкін.

Түйін сөздер: заңдылық, құқықтық тәртіп, нормативтік акті, құқық нормалары, құқықтық қатынас, құқықтық тәртіп, құқықтық қатынас.

Аннотация. Проблема в том, что применение закона в правоотношениях является необходимым инструментом не только для юристов, но и для общества в целом, и основная цель юристов - создать рациональную, эффективную систему в обществе и установить ее среди людей. И, конечно же, его непосредственная реализация и реализация зависит от выработки гарантий, обеспечивающих правопорядок. А если судебные приставы не будут выполнять свои функции и продолжать их развивать, то в стране не будет соблюдаться закон и порядок, правонарушения станут массовыми, все остальное сделают, а страна и народ будут процветать.

Ключевые слова: законность, правопорядок, регулирование, правовые нормы, правоотношения, правопорядок, правоотношения.

Annotation. The problem is that the application of the law in legal relations is a necessary tool not only for lawyers, but for society as a whole, and the main goal of lawyers is to create a rational, effective system in society and establish it among the people. And, of course, its direct implementation and implementation depends on the development of guarantees that ensure law and order. And if the bailiffs do not fulfill their functions and continue to develop them, then the rule of law and order in the country will not be observed, the offenses will become widespread, and everyone will do what is left, and the country and the people will prosper.

Key words: legality, law and order, regulation, legal norms, legal relations, legal order, legal relations

Заңдылықтың қалыптасуына байланысты заң әдебиеттерінде екі көзқарас қалыптасқан. Бір авторлар заңдылықтың барлық кезде бірдей болмағандығын, яғни қоғамның ұстанымдары мен құндылықтарына байланысты өзгеріп отырғанын тілге тиек етеді. Мысалы ертеде құлдық сана үстем болғандықтан, адамдардың құқықтары бұзылған, сондықтан заңдылық болмаған. Ал басқа да ғалымдар заңдылықтың мемлекет пен құқық болғанда өмір сүретіндігі, себебі қоғамда, мемлекетте заңдардың орындалуын жақталатындығын дәлелдеп келеді [1, 18 б].

Заңдылық ол заңдарды іске асыру процесі, қоғам өмірінің әлеуметтік жағдайы, яғни азаматтық қоғам бейнесі, онда құқықтық қатынастардың субъектілері өздеріне заңмен берілген құқық пен міндетті еркін іске асыра алады. Заңдылық қоғам өмірінде құқықтық тәртіптің алғышарты, ол құқық нормаларына сай келеді. Басқа сөзбен айтқанда, заңдылықтың үстемдігі арқасында қоғамда құқықтық тәртіп құрылады, оның мақсаты қоғамдық қатынастарды реттеу, әділеттілік орнату болып табылады.

Құқықтық тәртіп – құқық нормаларында белгіленген жүріс-тұрыс ережелеріне сай әрекет ету, барлық құқық субъектілерінің дәл және толық орындауы нәтижесінде белгіленетін қоғамдық қатынастардың жүйесі. Құқықтық тәртіп, біздің эрамыздағы азаматтық қоғамның анық негізін құрайды. Қоғамдағы құқықтық тәртіптің сапасы және деңгейі, көп жағдайда барлық қоғам мүшелерінің құқыққа сай мінез-құлығымен белгіленеді. Құқықтық тәртіптің бірқалыпты және нәтижелі болуы үшін экономика қызмет жасайды, ал заң шығару, атқару, сот биліктері қоғам ішінде орын алған қателер мен олқылықтардың жұмыстарымен айналысады. Осылайша қоғам үйлесімділікке қол жеткізеді, қоғамдық және жеке ұйымдардың қызметтерінде белсенділік пайда болып, адамның еркін дамуына кепілдік болады, олардың материалдық және рухани қажеттілігі толық реттеледі [2].

Құқықтық тәртіпті орнатуға қоғамдық қатынастарды реттейтін барлық институттар ат салысады. Олардың өзара іс қимылы қоғамдық тәртіптің негізін құрайды. Құқықтық тәртіпті жүзеге асырушы механизмдері келесідей:

- Құқық нормалары – құқықтық тәртіптің нормативтік алғышарты, құқықтық механизмінің жүйесін, тәртібін, орындалу кезектілігін жасайтын заңды иммунитеті бар анықтама.

- Құқықтық қатынас – құқықтық реттеу тәртібінің, орындалу кезектілігін түсіндіретін заңды иммунитеті бар анықтаманы қолдана отырып субъектілер арасында орын алатын процесстердің жиынтығы, заң шығарушымен белгіленген құқықтық тәртіп. Осы кезеңде, құқықтық реттеу механизміне қосылатын заңдылық, ол субъектілер арасындағы мүмкін болатын және міндетті тәртіптеріне кепілдік ретінде де қызметін атқарады.

- Құқық нормаларында белгіленген құқықтар мен міндеттілікті іске асыру процесстері құқықтық тәртіптің алғышарттары болып табылады. Заңдылық режиміне байланысты құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтары және міндеттері олардың санасына сіңеді [3, 218 б].

Заңдылық пен құқықтық тәртіптің қалыптасуы

Құқықтық тәртіптің негізгі тетігі субъектілерінің құқықтық қатынасқа түскендегі сәті құрайды, олар құқық нормаларымен бекітілген және құқықтық реттеу механизмі орныққан.

Құқықтық тәртіптің құрамы – қоғамдық қатынастардың бірлік және бір мезгілде құқық пен реттелген, сонымен қатар субъектілерінің құқық қолданудағы салалық мазмұндарының ерекшеліктеріне байланысты бөлінуі. Құқықтық тәртіп өз кезегінде конституциялық, әкімшілік, қаржылық, жер, отбасылық, және басқа да қоғамдық қатынастардың қолданылу сферасына қарай түрлерін және соған сай құқық нормаларымен реттелуін қосып алады. Құқықтық процесс жағынан іске асырылған құқық жүйесін құқықтық тәртіп деп айтамыз. Соған байланысты салаға қосымша және құқық институттарымен реттелген, одан көбірек топтар қатынасы жатады. Құқықтық тәртіптің тағы бір ерекшелігі, қоғамдық қатынастардың арнайы жүйесі ретінде қолданылуы, ол құқық нормалары негізінде құралады, жүйеленеді және соның қоғам алдындағы иммунитетіне байланысты мемлекетпен қорғалады. Сондықтан, қоғамдағы орын алып жатқан барлық қатынастар құқықтық тәртіппен қамтылмайды. Яғни, қоғамдық қатынастардың белгілі бір бөлігі құқықтық реттеуді қажет етпейді. Мысалы, олар әртүрлі қоғамдық ұйымдар нормаларында және моральдік нормалар аясында басқа құқықтық емес нормативті реттеулерде кездесуі мүмкін. Осы ойды қорытындылайтын болсақ, құқықтық тәртіп, жалпы қоғамдық қатынастар жүйесінің бір бөлігін ғана құрайды, ол нормативті реттеудің әсерімен жүзеге асырылады [4, 61 б].

Құқықтық тәртіп пен заңдылық мағынасын ашып алдық, енді оларды қамтамасыз ету кепілдері мен әдістеріне көңіл бөлейік. Заңдылықты қамтамасыз ету тікелей екі жүйеге байланысты жүзеге асады:

- заңда бекітілген нормалардың азаматтың мүддесіне нақты сәйкес келуі;
- азаматтардың құқықтық санасы, яғни тұлғалардың құқық қолдану кезінде нормаларға сай әрекет етуі [5, 582 б].
- Заңдылықпен құқықтық тәртіптің кепілдігіне құқық нормаларында бекітілген қоғамдық қатынастар және мемлекеттің осы құбылыстарды үйлестіру барысындағы ұйымдастырған арнайы шаралары жатады. Олар заңдылықтың ережеге сай режимін және құқықтық тәртіптің бірқалыптылығын қамтамасыз етеді.

Кепілдік ету мәселесі айтуға оңай болғанымен әрқашан іс жүзінде қолданылуы қиын болған, себебі заңдылық идеясын ғылыми зерттеулер шеңберінен алып азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қызметінің практикалық тұрғыдан жүзеге асыру деген сөз. Құқықтық тәртіп пен заңдылық кепілдері бізге ең алдымен мемлекет ішінде құқық бұзушылықтармен күресіп түп тамырымен жойып, барлық мәселені заң негізінде шешіп, демократиялық, құқықтық мемлекет орнату үшін қажет. Бірақ осы заңдылық пен құқықтық тәртіп кепілдіктері негізінде заң ғалымдарының бірнеше пікірі қалыптасқан. Мысалы Дмитриев заңдылықтың кепілдерін екіге бөліп қарастырған: а) сананың қалыптасуы; ә) ұйымдастырушылық жұмыс.

Ұйымдастырушылық жұмысқа – экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени кепілдіктерді кіргізуге болады. Тағы бір ғалымдардың пікірі бойынша заңдылықтың кепілдіктерін жалпы және арнайы құралдар деп екіге бөлген. Құқықтық кепілдікті арнайы құралдар қатарына жатқызады және олар өзара бірдей қалыптасады [6, 4 б].

Алғашқыда кезеңде басты мәселе санада деген пікір болды және уақыт өте келе экономикалық кепіл қажет бола бастады. Кейін саяси жүйедегі олқылықтар мен қайта құрулар проблемалар туғызды, заңдар жүйесіне жетелеп көңіл бөліне бастады. Сонан соң және ең бастысы заңдарды орындаудың ұйымдастырушылық шаралары, яғни атқару сферасына бір қалыпты жүйелендіру қажет бола бастады. Өйткені құқықтық тәртіп пен заңдылықтың кепілдерін орнықтыру, бақылау және жүзеге асыру үшін әр арнаға жете мән беріліп, зерттеп зерделену қажет. Ия, барлық кепілдер бір-біріне басты мақсатын орындай алмайды, сондықтан осы құбылыстардың қоғам арасында кезектілігі мен тәртібін санаға кіргізу арқылы мәселе шешіледі.

Құқықтық тәртіп пен заңдылықты жүзеге асыратын авторларының бірі және осыған кепілдік беретін басты институт, сонымен қатар барша әлемдік практикада және мемлекет теориясына танымал, саяси ұйымдасқан қоғамда жоғары деп саналатын және мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттағы қызметін жүзеге асыруға жаралған мемлекеттіліктің негізгі феномені – мемлекеттік билік. Мемлекеттік биліктің мықтылығы оның әскерімен емес, жұмыс істеу механизмімен анықталады. Мықты мемлекеттік билік – құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз ете алатын, қоғамда мойындалған және тұрақты билік. Мемлекеттің жұмысын заң негізінде іске асыртып ұйым ретіндегі ойлар, адамзаттың өркениетті дамуындағы алғашқы кезеңдерде пайда бола бастаған. Ертедегі ғалымдар құқық пен мемлекеттік биліктің арасындағы қарым – қатынасты көрсетуге талаптанғандығы сол кездің еңбектерінен байқауға болады. Олардың сондағы мақсаттары сол дәуірдегі қоғамды қамтамасыз ететін қатынастарды болжау және жүйелендіріп бір ізділік пен тәртіпке келтіру болатын. Мемлекеттік билік мезгілде құқықпен тежеледі құқықты мойындайды және бір мезгілде құқықпен тежелуі, ертедегі ғалымдардың ойынша, ең адал мемлекеттікке жатады. Аристотельдің айтуы бойынша «Заңның күші жоқ жерде мемлекеттік құрылым нысаны жоқ». Цицеронның айтуы бойынша «халықтың жұмысы», құқықтық араласу және «жалпы құқықтық тәртіп». Ертедегі Римнің және Грецияның мемлекеттік құқықтық институттары, идеялары, құқықтық мемлекеттер туралы кейінгі прогрессивтік ілімдердің аяғынан тұруына, дамуына белгілі бір әсерін тигізеді [7, 14 б].

Заңдылық пен құқықтық тәртіптің белгілері

Заңдылық тұрғысынан алып қарағанда да мемлекеттік билік қоғам мен мемлекеттің басты заңы болып табылатын Конституцияда бекітілген негізгі конституциялық – құқықтық институт [8, 215 б].

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 1 және 2 – тармақтары: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді» деп бекітілген [9, 431 б]. Мемлекетің билік кепілі – халық таңдауы, өйткені халық өз еркі мен мүдделерін саяси және өз құқықтары мен міндеттерін толыққанды жүзеге асыра алады. Сондықтан мемлекеттік билік Қазақстан халқының және оның егемендігінің жалпылама негізі.

Қазақстан Республикасының ата заңының 3-бабының 3-тармағында «Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады» деп жазылғаны барлығымызға мәлім [10,276]. Яғни, тек Конституция мен заң ғана бекіткен тәртіппен құрылып, белгілі бір өкілеттіліктерге ие лауазымды тұлғалар мен органдардың ғана билігін халық таниды. Мемлекеттік билік егемендігі өз кезегінде халықтың еркіне тәуелді екені конституцияда көрсетілген.

ҚР-дағы мемлекеттік билік органдарының біртұтас жүйесі оның горизонтальды түрде тармақтарға бөліну қағидасына, сонымен қоса вертикальды түрде әртүрлі мемлекеттік билік органдары арасында өзара өкілеттерді бөлісуге негізделеді. Конституция әрбір мемлекеттік органның өзіне ғана тән өкілеттері мен мемлекеттік органдардың өз арасындағы қарым-қатынас негіздерін бекітеді. Атқарушы билікке тән биліктің вертикальды түрде бөліну қағидасын іске асыра отырып, Конституция билікті иеленетін субъектілердің жүйесін құрайды. Әрбір билік органы өзіне қарасты мәселе бойынша өкілеттерін жүзеге асыру арқылы тұтастай мемлекеттік биліктің жүзеге асыруына әсер етеді. Мемлекеттік билік жүйесін ұйымдастырудың аталмыш тәсілі ресейлік құқық ғылымында үлкен қолдауға ие болып отыр. Мемлекеттік биліктің біртұтастығы концепциясына қатысты біржақты пікірге байланысты, құқықтық әдебиетте бұл концепцияны үш түрлі аспектісі алға қойылады: қоғамда үстемдік ететін әлеуметтік топтардың тұтастық табиғатына туындайтын биліктің әлеуметтік тұтастығы; қоғамды бірлесіп басқару қажеттілігінен туындайтын, барлық мемлекеттік органдардың мақсаттары мен қызмет бағыттарының тұтастығы, биліктің тармақтарға бөліну қағидасын жоққа шығарып, мемлекеттегі бүкіл билікті белгілі бір орган немесе лауазымды тұлғаға жинақтап беретін ұйымдық – құқықтық тұтастық [11, 2 б].

Қазақстан Республикасында мемлекеттің биліктің әлеуметтік бірегейлігі халық егемендігі – қазақстандық халықтың өзін-өзі билеу жағдайына негізделеді. Конституция халықты мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі деп бекіткендіктен, тек халық мемлекеттік егемендіктің жаратушысы және тасушысы болып табылады. Сондай-ақ, халықтың еркі ғана мемлекеттік билікті жаратады. Халық республикасындағы барлық билік тармақтарының негізін бекітеді және қызметін бағыттайды. Мемлекеттегі барлық органдардың мақсаты мен қызметінің бағыттары биліктің әлеуметтік тұтастығына негізделеді. ҚР-ын демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет деп орыңқыратын, республика қызметінің түбегейлі қағидаларын бекітуші Конституция ережелері мемлекеттегі барлық органдардың мемлекеттік саясатының басты түйткілдерін шешуде бір бағытты ұсынуын міндеттейді. Осы орайда, атап өту қажет, құқықтық әдебиетте мемлекеттік билік органдарының басты мақсаты мен қызметінің бағыттары тұтас болу мәселесіне баса көңіл бөлінеді. Өйткені, онсыз қоғамды басқарудағы бірізділікке қол жеткізу мүмкін емес. Мемлекеттік биліктің біртұтастығына байланысты жоғарыда аталған жағдайлармен салыстырғанда, биліктің ұйымдық-құқықтық тұтастығы идеясы авторитарлы сипат алады. Оның іс жүзінде асуы мәжбүрлеу, күшейту шараларын мемлекеттік басқару ісінде кеңінен қолдануға әкеледі. Кеңестік одақ тәжірибесі көрсеткендей, бір ғана мемлекеттік органның тұрақты үстем болуына негізделген мемлекеттік биліктің біртұтастығы концепциясы (халық депутаттарының кеңестері келбетінде) демократиялық мемлекеттік құрылым қағидаларымен сыйыспайды. Бұл орайда, қазіргі конституционалистердің пікірі өзінің әділдігімен көзге түседі. Олардың пайымдауы бойынша, бүкіл мемлекеттік билікті бір ғана органның қолына шоғырландыратын биліктің біртұтастығы идеясына ұтымды емес.

Қорытындылай болсам, біртұтас мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қағидасы негіздеп жүзеге асыру идеясы үлкен демократиялық потенциалды дәлелдейді деп айта аламыз. Барлық билік тармақтары мемлекеттің мақсаты мен алға қойған міндеттерін жүзеге асыру бағытындағы өзара келісіп қимыл жасап, бір-бірін тежеп отыруға адам, оның құқықтары мен бостандықтары қымбат қазына деп Қазақстан Республикасын демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік етіп орнықтыру мақсатын көздейді. Сонымен қатар, заңдылықтың және құқықтық тәртіптің кепілдігіне, қоғамның басқа барлық саяси жүйесінің бөліктері – саяси партиялар, әртүрлі қоғамдық бірлестіктер, еңбек ұжымдары, қозғалыстар жатады.

Енді, оның Қазақстанда қалыптасуына көңіл бөлейік. 1995 жылы Қазақстан саяси жүйені одан әрі либерализациялау қадамын жасады. 1995 жылғы 30 тамызда өткен Бүкілхалықтық референдумда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданып, президенттік

Республика құру бағытының пайдаланылуы, парламенттің құрылуы еліміздегі партиялық құрылыстың өркендеуіне ықпалын тигізді. 1995 жылғы Конституция ережелерін дамыту жолында 1996 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және 1996 жылы 2 шілдеде «Саяси партиялар туралы» заңдары қабылданды. Дәл осы заңдарды саяси партиялардың конституциялық – құқықтық институты өзінің толық бейнесін тауып, нақтыланды. Атап айтқанда, алғаш рет «саяси партия» ұғымының анықтамасын тұжырымдады. «Саяси партиялар туралы» заңды саяси партиялар құру, олардың қызметі, қайта ұйымдастырылуы мен таратылуынан, мемлекеттік институттармен ықпалдасуының негіздері толық көрсетілді. 14-бапта құқықтар мен міндеттер жиынтығы арқылы партиялардың құқықтық мәртебесі белгіленді. Жаңа ғасырда саяси партияларды құқықтық институтқа айналдыру процесі одан әрі жалғасты. «Қазақстан -2030» даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында ҚР Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсанындағы Жарлығымен бекітілген Қазақстанның 2010 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспарында партиялық заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттары нақты көрсетілді. Атап айтқанда, көп партиялық жүйе құру үшін жағдай жасау қажеттігі көрсетілді.

Алайда бізде партия институты ұйымдасу жағынан, идеология жағынан болсын әлі әлсіз билік органдарында түрлі әлеуметтік топтардың мүддесін көздемеді. Соңғы сайлауда депутаттар өз кандидатурасын партия қоғамдық бірлестіктердің атынан емес, тәуелсіз кандидаттар ретінде тіркеледі. Саяси партиялар облыстарда халықпен жұмыс жүргізіп, өз ұйымдарына мүше болып кіруге шақырғанымен, халықтың сенімі әлі де аз. Барлық партиялардың бағдарламалары ұқсас, бүкіл халықтың мүддесін көздейді. Біздегі партиялардың әлеуметтік базасы жоқ. Кейбір партиялардың мақсаты өз өкілдерін мемлекеттік билік органдарына өткізіп, үкімет пен оның шешімдеріне бақылау орнату. Көбінесе, өздерін тек сайлау кезінде көрсетіп, оған дейінгі ұйымдастырушылық және идеология жұмыстары өте төменгі деңгейде.

Саясаттанушы Қымбат Искакова саяси партияларды былай бөледі: Бірінші, билікті жақтаушылар, билік органдарының жүргізген қандай да болсын шараларын үнемі жақтайды, ашық түрде оған қосылып, алдында тұрып саяси – биліктік жүйеге не жағымды, не жағымсыз қарамайды.; тек нейтральді бағытты ұстанады. Үшіншілері, тиісінше оппозициялы, яғни билік органдарының қызметіне сын айтады, бірақ егер де Үкіметте немесе онымен қызмет атқарса, демократиялық және нарықтық реформалар арқылы елдегі жағдайды шеше алатынына кәміл сенеді. Алайда, бізде мықты оппозиция жоқ. Дж. Сарторидің теориясы бойынша, Қазақстанда болашақтағы екі векторға көңіл бөлінеді.: а) көппартиялы қоғам құру, онда екі партия даминатты болады; б) тек екі блоктік партиялық

жүйе. Бірақ оған жету үшін әлі көп уақыт керек. «Азат» қозғалысы төрағасының орынбасары Дос Көшімовтың айтуы бойынша: «Заңды мемлекетте өмір сүру үшін жақсы заң шығару жеткіліксіз. Сол заңға бағынатын адамдар мен заңның әр әрпін бақылап отыратын мемлекеттік жүйе керек» [12, 248 б]. Демек, елімізде заңсыздық пен бассыздыққа жол бермес үшін, биліктің толықтығын, азаматтардың қоғамдық қатынастарын, бостандығын қалтықсыз қамтамасыз ету үшін саяси жүйемізді күшейтуге тырысайық. Экономикалық кепілдіктер қоғамның экономикалық дамуының жағдайы; шаруашылық жүйесі ұйымдастырылуы және т.б. жағдайлар заңдылықты қамтамасыз етудің мұндағы факторлары мыналар болып табылады: бүкіл шаруашылық құрылымының бірлескен қызметі; еңбек өнімінің тұрақты жоғарылауы; тұрақты ақша жүйесі т.б. Осы факторлардың бұзылуы, өндірістің құлдырауы, шаруашылық байланыстардың үзілуін бағалардың өсуі қоғамдағы әлеуметтік жағдайды шиеленстіріп, анархияға әкеліп, қылмыстардың көбейуіне септігін тигізеді. Қазақстан Республикасы үшін де нарық экономикасына өту процесі көп ретте ауыртпалықта болады.

Экономикалық реформаларды жүзеге асыру; КСРО-ның ыдырауы және Қазақстан экономикасының әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне кіруі өндіріс көлемдерінің елеулі түрде төмендеуіне әрі осының салдары ретінде - әлеуметтік ахуалдың объективті түрде төмендеуіне әсер етпей қайталады. Технологиялық тұрғыда артта қалған және қуатты мол қажет ететін өндірістердің ауқымды бөлігі, даярланбаған және шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларын игере алмаған менеджмент – бәсекеге қабілетсіздікке және көптеген кәсіпорындардың тұрып қалуына, дәстүрлі өткізу рыноктарын жоғалтуға, төлемсіздіктер мен өндірістің құлдырауына алып келген негізгі факторлар, міне осылар. Реформалар салмағы барша халықтың иығына түсті, қиындықты бәрі де бастан өткізді, жұмыссыздық көп адамды қамтып, қылмыстар саны көбейе түсті. Алдыңғы төрт жыл ішінде (2014-2017 жж.) Республикада ашылмаған қылмыстың саны 93488-ге дейін жеткен, яғни шамамен, жыл сайын осы кезең ішінде сонша қылмыс босалып отырған. Оның ішінде 70 мыңы ауыр және өте ауыр қылмыстарға жатады. Атап айтқанда, 258 қасақана өлтіру дерегі ашылмаған. Бұл көрсеткіштер көңілде қауіп оятады, өйткені қылмыстық бой көрсетулер азаматтардың конституциялық құқықтарының және Конституциямен қолданылған қоғамдағы тәртіптің бұзылуына тікелей әкеп соқтырады. Сондықтан, қазіргі кезде мемлекет тарапынан бұған қарсы әртүрлі шаралар қолданылып келеді.

Біздің салауатты экономикалық өрлеу стратегиямыз мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Нарықтық экономиканы ел үшін тиімді құқықтық нысан шарт болып билеуші мен бағыныштының арасындағы бұйрықтық қатынастарға емес, тараптардың демократиялық теңдігіне ерікті түрде еркін білдіруіне, келісімге келуіне байланысты қалыптасады [13, 24 б].

Яғни, демократиялық қоғамдағы шаруашылықтың құқықтық нысанын негізгі – бұйрық пен тыйым салу емес, шарт жасау мен кәсіпкерлік болуы қажет. Нағыз азаматтық қоғамда экономиканы реттеу үшін әкімшілдік – бұйрықтық әдіс емес, басқа да қатынастар керек. Әкімшілдік тұрғыдан реттеуде ең алдымен экономика саласындағы қатынастарға қажет тараптардың тең құқықтылығының жоқтығы, бұйрық пен тыйым салу туындайды.

Мемлекеттік рөлі үстем сонымен қоса құқықтық реттеу: «рұқсат етілмегеннің бәріне тыйым салынады» нысаны бойынша жүргізіледі. Ал шарттық, керісінше «Тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі» принципі басшылыққа алынады. Мұндай қоғам еркін, нарықтық деп аталынады. Нарықтық еркін қоғамда негізгі меншік түрі жеке меншік болады. Шаруашылықтың осы нысанының тарихи анализі еркін кәсіпкерлік ресурстарды тиімді бөлуге, капиталды жаңартуға, сөйтіп құқықтық тәртіпті күшейтетінін дәлелдеп отыр. Л.Мизестің айтуы бойынша, «жеке меншік өркениетінің және материалдық дамудың қажетті реквизиті» [14, 213 б]. Бүгінгі таңда бұл конституциялық құқықтар заңдардың нақты нормаларында көрініс тауып, адамдардың күнделікті өмірінен берік орын алады.

Кемел келешегіміздің кепілі – Конституцияның 26 – бабының 4-тармағы: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар»; ал осы баптың 2 тармағы: «Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі» делінген. Заңды жеке меншігі бар адам ғана шын мәніде ерікті. Еліміздің заңдары мұндай жағдай туғызып отыр. Жалпы алғанда, азаматтық заңдар меншікке қол сұқпайшылықты және тауар ақша қатынастарына қатысушылар қызметінің еркіндігін қорғауы тиіс. Бұл үшін бірінші кезекте меншік құқығын, мүлктік және міндеттілік құқық институттарын одан әрі дамыту, жеке адам мен қоғам мүдделерінің барынша үйлесуінің, құқықты оның әлеуметтік мақсатына сай пайдаланудың негізінде жеке құқықтық қатынастардың динамикалық базасын жетілдіру қажет. Меншіктің жеке нысанындағы кәсіпорындарда 4,7 миллион адам жұмыс істейді, бұл экономикада жалпы еңбекпен қамтылғандардың пайызын құрайды. Олар жүздеген миллион теңгенің өнімін өндіріп, қызметін көрсетеді [15, 265 б].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмағалиев Е.Ж. Заңдылық пен әділдікке құштарлық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2011.- 18 бет.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж., 30 тамыз.
3. Алексеев С.С. Общая теория государства и права. – М., 1999. – С.218 (кітап)

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Заңы = О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан: Конституционный Закон РК: научное издание. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 61 б.
5. Матузов Н.И. Мемлекет және құқық теориясы/Н.И. Матузов, А.В. Малько. Алматы : АйСан-Пресс, 2016. - 582 б.
6. Айтхожин К. Конституция бекіткен мемлекеттік биліктің біртұтастығы// Заң газеті, 2002, №4, 4 бет.
7. Көшім Д. Көппартиялық жүйенің көптігі// Ақиқат, 2004, №1, 14 б.
8. Қазіргі кезеңдегі құқықтық мемлекет және адам құқығы: ғылыми еңбектер жинағы; құраст. А.В. Турлаев. - Қарағанды: Tengri, 2015. - 215 б.
9. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы: оқу құралы / С.С. Капсаямова, А.М. Тасова, М.Г. Хамзина. - Алматы: Эверо, 2014. - 431 б.
10. Каженова А. Защита собственности – дело государственное// Вестник Мин. Юстиции, 1996, №9, С.27.
11. Назарбаев Н.А. Басты міндет – экономиканы өркендету арқылы халықтың тұрмысын жақсарту// Егеменді Қазақстан, 2003, №318, 2бет.
12. Қазіргі кезеңдегі құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам / Қарағанды мемлекеттік ун-ті; құраст. А.В. Турлаев. - Қарағанды: TENGRI, 2015. - 248 б.
13. Құдайқұлов М. Адамдық қасиеттің ең негізгісі не: қабілет пе, білімдік пе, мамандық па?// Ақиқат, 1993, №10, 24 бет.
14. Егеменді Қазақстанда құқықтық және саяси жүйенің дамуы: сб. науч. тр. / Қарағанды мемлекеттік ун-ті; рец.: М.Н. Абдикеев, А.Т. Кабжанов. - Қарағанды: ГЛАСИР, 2011. - 213б.
15. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы / У.Ш. Шапақ, Ж.Р. Темірбеков, С.Т. Молдабекова. - Астана: Форма плюс, 2015. - 265 б.

ҒТАМР 10.07.01

ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Е.И. ИСИБАЕВА, А.С. ТУКЕШОВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Қоғамның саяси жүйесін жаңғырту - ол белгілі бір жағдайлардағы саяси қызметтерді атқарушы үкіметтік және мемлекеттік емес әлеуметтік топтардың жүйесі арқылы айқындалады. Сыртқы және ішкі

саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастыратын, қорғайтын бұл саяси жүйе ұғымы. Қазіргі таңда біздің мемлекетіміз, жалпы қоғамымыз өз дамуының түбегейлі жаңа сатысында. Мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің негізін қалап, қуатты нарықтық экономика құрған соң алдымызға өмір сапасы жоғары, бәсекеге лайықты ең дамыған елдер қатарына қосылу міндеті тұр. Бүгінгі күн тәртібіндегі ең басты міндеттердің бірі ретінде саяси саланы реформалау. Демократия - әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз. Тепе-тең әрі демократиялық саяси жүйе ғана Қазақстанды модернизациялау жөніндегі міндеттерді орындай алады деген ойдамыз.

Түйін сөздер: Саяси жүйе, ел, мемлекет, мемлекеттік құрылым, саяси жаңғырту, құқықтық мемлекет.

Аннотация. Модернизация политической системы общества осуществляется через систему правительственных и негосударственных социальных групп, выполняющих в определенных условиях политические функции. Понятие политической системы означает обеспечение реализации внешней и внутренней политики, формирующей и защищающей интересы социальных групп. В настоящее время наше государство, общество в целом находится на принципиально новой стадии своего развития. После основания нашей государственности, независимости и создания мощной рыночной экономики перед нами стоит задача войти в число наиболее развитых и конкурентоспособных стран с высоким качеством жизни. Одной из главных задач сегодняшней повестки дня является реформирование политической сферы. Демократия - выбор цивилизованных стран мира, т.е. и наш выбор. Мы полагаем, что только сбалансированная и демократическая политическая система сможет выполнять задачи по модернизации Казахстана.

Ключевые слова: Политическая система, страна, государство, государственное устройство, политическая модернизация, правовое государство.

Annotation. Modernization of the political system of society - it is determined by a system of government and non-state social groups performing political activities under certain conditions. This is the concept of a political system that ensures the implementation of foreign and domestic policy, forms and protects the interests of social groups. Today, our state, our society as a whole, is at a fundamentally new stage of its development. After laying the foundations of our statehood, independence and creating a strong market economy, we have a task to become one of the most developed countries with a high quality of life and a competitive one. One of the main tasks on today's agenda is the reform of the political sphere. Democracy is the choice of civilized countries of the world, that is, our choice. We believe that only a balanced and Democratic political system can fulfill the tasks of modernization of Kazakhstan.

Key words: Political system, Country, State, state structure, political modernization, legal state ,

Қазақстанның саяси стратегиясы ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Жоғарғы заңды күші бар, өзінің саяси және экономикалық жүйесін басқаратын, мемлекеттік органдар, сот, әкімшілік, сайлау жүйесі, азаматтардың негізгі құқықтары, міндеттері мен еркіндіктерін ұйымдастыру мен жүзеге асыру қағидаларын белгілейтін негізгі заң - 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 7 қазандағы № 284-І Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-ІІІ өзгертулерімен және толықтыруларымен толықтырылды. Қазақстан Республикасының Конституциясы тұрақтандырушы рөл атқарады, қарама-қайшылықтарды шешуге және қоғамды жаңартуға ықпал етеді, құндылықтарды қайта бағалауды ынталандырады, жаңа мемлекеттік

құрылымдардың кристалдану сәтін жеделдетеді және ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды фактор болып табылады. Тұңғыш Президентіміздің Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауында: «Біздің ортақ жетістіктеріміз саяси жүйені одан әрі жаңғырту және демократияны дамыту бойынша жүйелі көп векторлы жұмысқа өтуге мүмкіндік береді». Жолдауда айтылғандай, саяси жаңғырту мемлекеттік, саяси және әлеуметтік институттарды реформалауға бірыңғай, тұтас тәсіл болып табылады. Бұл көзқарастың мәні Батыс демократиясының дәстүрлері мен қағидаттарына және Оңтүстік-Шығыс Азияның алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің тәжірибесіне, біздің көпұлтты және көпконфессиялы халықтардың дәстүрлеріне сәйкес Қазақстанның одан әрі демократизациясы. Қазақстан Республикасының саяси жаңғыртылуы - саяси жүйенің қазіргі заманға сай өзгеруі, әлеуметтік үдерістерді демократияландыру, халықтың үкіметке қатысуы, сондай-ақ азаматтық қоғамды қалыптастырудағы қоғамдық-саяси өзгерістер. Саяси жаңғырту - заңмен кепілдендірілген және практикалық саяси қатынастардың динамикасына енгізілген саяси субъектілер қызметінің барлық кешенін жетілдірудің кешенді және үздіксіз процесі [1,16]. Саяси жаңғырту үдерісінің қажеттілігі халықаралық қатынастардың жаһандану тенденциясымен байланысты.

Көптеген елдер саяси жүйені демократияландыру жолына кірді және оның жаңаруының түрлі кезеңдерінде. Әрине, әр ел өзінің жеке саяси тарихын, өз дәстүрлерін, саяси мәдениетін және ұлттық ерекшеліктерін бар. Қазақстан тек қана саяси жаңғыртудың және әлеуметтік қатынастардың трансформациясының ұзақ жолымен кездеседі. Саяси жүйелерді трансформациялаудың жинақталған тәжірибесі саяси жүйенің тұрақты өзгеруінің дұрыстығын мұқият талдауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Конституциясы тұтастай заманауи қазақстандық қоғам дамуының үдерісіне және динамикасына сәйкес келетінін және мемлекеттің жұмыс істеуі тұрақтылығын қамтамасыз ететін және сыртқы және ішкі әсерге жауап беретін икемді саяси жүйеге ықпал ететінін атап өткен жөн. Сонымен қатар, демократиялық басқарудың қарапайым қабілеті талап етілмейді, бірақ демократияны қалыптастыруға қабілетті және онда өмір сүруге қабілетті саяси мінез-құлықтың нақты мәдениетін үйрену. Демек, Конституцияны жаңғырту үдерісі сөзсіз, себебі қазіргі заманғы саяси процестердің серпінділігі - әлеуметтік дамудың басым бағыттары және қазақстандық қоғамның прогресі. Қазіргі заманғы саяси процестердің динамизмі қазіргі заманғы лидерлердің қалыптасуының маңызды рөлімен анықталады. Халықаралық қатынастар мен жаһандану жағдайында әлемдегі көшбасшылықты дамытудағы жаңа үрдістер байқалады. Ұлттық көшбасшылар жаһандық проблемаларды елеусіз қалдыра алмайды, олар өздерінің ішкі саясаттарын жаһандық үдерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы керек [2,4].

Бейресми көшбасшылардың рөлі мен ықпалы артып, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуде көшбасшылардың қызметіне шоғырлануда. Саяси басшылықтың билік шекаралары өкілеттігін бөлу жүйесін жақсарту және азаматтық қоғам шекарасын кеңейту арқылы азаяды. Күшті үкімет оңай диктатура (авторитарлық немесе тоталитарлық) болуы мүмкін. Азаматтардың қоғамды басқаруға шынайы қатысуы, мемлекеттік билікті тиімді басқару үшін экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және идеологиялық негіздерді құру жалғыз мүмкін. Жаңғыртылған саяси жүйедегі қозғалыс тоталитарлық және постократиялық режимдегі елдерде әртүрлі.

Жаңартылған жүйеге көшудің әлемдік тәжірибесі жаңартатын қоғамды теориялық және тәжірибелік қызметке айтарлықтай жеңілдететін біліммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қоғамның барлық түрлері демократиялық саяси жүйелерді қалыптастыра алмады, өйткені қоғамнан бір түрден өзгеше әлеуметтік сипаттағы қоғамға еркін көшу мүмкін емес. Қазақстан Республикасының демократиялық жүйесі толық болмаса, ол мемлекеттік құрылымдарда емес, қоғамдық өмірдің кейбір салаларында ғана рұқсат етіледі.

Қоғамының саяси жүйесінің институционалдық негізінің құқықтық реттелуі

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, демократиялық жүйе қоғамның өзі, демократиялық бұйрықтар мен институттар, сондай-ақ саяси билік, мәдениет пен мораль нормалары арқылы кепілдік береді. Барлық өркениеттердің тарихи тәжірибесін ескере отырып, саяси жаңғыртуға көшу әрқашан өзін-өзі ақтайтын демократиялық нормаларды, процедуралар мен қағидаттарды енгізу арқылы ұдайы және мақсатты түрде жеделдетілуге тиіс. Саяси модернизация - бұл сән-салтанат емес, керісінше, қандай қоғамды жаңартып отырғаны үшін сөзсіз тарихи қажеттілік.

Саяси жаңару процесі құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы, барлық азаматтардың және мемлекеттік органдардың заң алдындағы нақты теңдіктің, сондай-ақ қоғам мен азаматтардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтан қорғауымен қатар жүруі тиіс. Саяси жаңғырту мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың негізін құрайды, атап айтқанда, үкімет пен әкімшілендіру жүйесін орталықсыздандыру үдерісі. Орталықсыздандыру мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінің рөлін, жауапкершілігін және беделін қайта қарау және өзгерту сияқты мемлекеттік тиімділікті қамтамасыз етудің бір әдісі болып табылады. Өз кезегінде орталықсыздандыру саяси, экономикалық және әкімшілік жүйені демократияландыруға бағытталған. Процестің дамуын жеделдету, орталықсыздандыру уақыт талабы болды және, әрине, саяси жаңғыртудың берік негізін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының орталықсыздандыру тұжырымдамасы келесі негізгі қағидаларға негізделуі керек деп есептейміз: а) түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар арасындағы функциялар мен міндеттердің ауқымын тиімді бөлу; б) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс істеуі үшін негізгі шарттарды құру; в) демократиялық мемлекетті басқару үшін негіз ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу. Заманауи мемлекеттерде заң үстемдігін қалыптастыру кезінде, бірінші кезекте, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты «заңмен тыйым салынған барлық нәрсе рұқсат етіледі» принципі тән және маңызды болып табылады. Алайда бұл принципті ақылмен қолдану керек. Ол саяси және құқықтық мәдениеттің белгілі бір деңгейінің болуы, өзінің жеке және ортақ мүдделерін өзара байланыстыру қабілеттілігін және жалпы қабылданған мінез-құлық стандарттарын сақтауды болжайды. Заңдар бәрінің сөзсіз орындалуы тиіс: билеуші және бағынушы. Заңды мемлекет белгілі бір мағынада - заңның жай-күйі. Осы анықтамалар арасында сіз теңдік белгілерді қоюға болады. Бұл үшін қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының дәл және толық сақталмауының тән талабы нақты заңдарды сақтау болып табылады.

Құқық үстемдігі мемлекеттің және жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін дәйектілікпен жүзеге асыруды көздейді [3,4]. Авторитарлық саяси режимдегі мемлекеттерде азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі басым. Құқықтық тұрғыда мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құқықтары мен бостандықтарын бұзған жағдайда азаматтарға жауап береді. Адамның адаммен өзара әрекеттесудегі заңдылықтары оның өмірін, денсаулығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін, еркіндігін қамтамасыз етеді және қорғайды; бюрократия, аймақтық, ведомстволық сияқты жағымсыз құбылыстармен күресудің құралы болып табылады. Құқықтық мемлекеттіліктің негізі - адамның құқықтары мен бостандықтары. Басымдық қағидасы - заң үстемдігінің қағидалары. Құқықтық мемлекеттің жоғары құндылығы - бұл еркіндікті іздестіру жолында пайда болған және өз кезегінде осы еркіндіктің кепілі болуға ұмтылады. Заң үстемдігінің мақсаты - адамның бостандығының шектеулерін қамтамасыз ету, заңмен белгіленген еркіндік саласындағы бұзушылыққа жол бермеу, заңға негізделмейтін күш қолдану шараларын қолдануға тыйым салу. Әлемдік саяси үрдістің қазіргі заманғы үрдістері қазіргі заманғы құндылықтар мен нормаларды қалыптастыру мәселелерін барынша күшейтеді. Ең соңғы уақыт жабық режимде өмір сүруге мүмкіндік бермейтін өнертабыстар мен прогреске байланысты болды. Белгіленген нұсқаулықтарға негізделген саясат қоғамның одан әрі дамуына елеулі кедергі болып табылады. Қазіргі қоғамдастықтар бір дилеммадан тұрады: немесе бірінші кезекте тұру немесе артта қалған және тиімсіз жүйелерде қалу. Осы және басқа да тұжырымдамалық мәселелер жаңғырту теориясының жазықтығында жатыр. Саясаттың қазіргі заманғы саяси

ғылымдарында әртүрлі зерттеушілер модернизация процесінің өзіндік ерекшелігін қалыптастырады.

Бүгінгі күні студенттердің көпшілік қауымын қамту және олармен үздіксіз, жүйелі түрде жұмыс ұйымдастыру ұстанымы. Жоғары оқу орындары студенттерінен бастап ұстаздарына дейін барлығымен және әр қайсысымен жеке-жеке үнемі, үздіксіз құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастырып оны құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағыттау. Мұнда оның тиімділігін арттыру мақсатында педагогикалық ұтымды әдістердің барлығын қолдану және тартымды болуы үшін оның формаларын да үнемі түрлендіріп отыру, жастардың қызығушылығын арттырумен бірге оларда құқықтық нормаларды сақтауға әдеттену мүмкіндігін туындатады [10]. Бұл келе-келе, есейген сайын әркімнің өз құқықтық мәдениетін өзі жетілдіруі мен өзін-өзі тәрбиелеуіне тірек болады.

Сонымен қатар құқықтық тәрбиені құқықтық мәдениет қалыптастырудың басты құралы ретінде қарастырып, мемлекеттік заңнамалық тұрғыда жуықтау. Болашақ педагог, бүгінгі студент әрине, заң қызметкері емес. Сондықтан олардың қай-қайсысы болса да «занды білу керек, бірақ бізге оның қажеті аз» деген пікірде болатынын алдын-ала жүргізген

зерттеулерде анықтадық. Демек, болашақ педагог бүгінгі студентпен заңды білу парыз емес, ұстану міндетің деген ұғым төңірегінде жұмыс ұйымдастыру керек екенін көрсетеді. Бұл Заң нормаларын жаттау ғана, білу ғана емес, құқықтық мемлекеттің заңға бойсұнған, өз қызметі, іс-әрекетінде үнемі «адамгершілік босағасынан аттап кеткен жоқпын ба» деген сауалды ұмытпауы. Белгілі болғандай құқықтық мәдениет осы адамгершілікті сақтаудан басталады. Демек, студенттерге құқықтық мемлекеттің игі азаматы ретінде осы мемлекетті қорғауға, оның азаматтарының мүддесін қорғауға, мемлекеттің дамуына өз үлесін қосуына шарт түзу. Мемлекеттің барлық азаматтары, соның ішінде педагогтар қауымы да түгелімен заңгер де заңшыл болуы міндет емес. Бірақ құқықтық мәдениетті болуы парыз.

Сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету мәдениеті – бұл құқық нормалары мен заң актілерін азаматтарды қорқытатын және жазалайтын құрал емес, қоғамдық игілікті көздейтін, азаматтарды қорғайтын, жеке тұлғаның табысты еңбектеніп, өмірдің рахатын көруіне шарт түзіп әр түрлі зұлымдықтан қорғайтын құрал ретінде қарастыру. Педагогтың құқықтық мәдениеттілігі заң талаптарын сақтау, оқушы шәкірттердің мүддесін қорғау, өз мүддесін қорғау, қарыз бен парыз ұғымдарын тұрмыста жете пайдаланудан тұрады.

Құқықтық мәдениет қалыптастыру дегеніміз – барлық заңдарды жаттап алу емес, бірақ құқық нормаларының қалайша қорғайтынын білу, егер оны біреу бұза қалса оны қалай реттеуге болады, заң талаптарын бұзу қандай қиындықтарға алып келетінін, егер бұзылған күнде құқық қорғау орындарына қалайша қайрылу керектігін, басқалардың заң бұзуына жол бермеуді білуі қажет. Студенттер, сонымен қатар, жауапкерлік пен құқықты сақтаудың бірлігін, басқалардың алдындағы жауапкерлігі, мемлекет алдындағы міндетін сезінуі үшін түсіндіру мен талқылау, пікір-сайыстар мен мәліметтер, ақпарлар жинау жұмыстарын жүргізудің жолдарын меңгерулері, өз құқығын сақтаумен басқалардың да құқығын қорғауына шарт түзеді [11].

Адамгершілік және құқықтық нормалардың бірлігі, басқалардың құқығын құрметтеу, адамның қаншалықты құқықтық мүмкіндіктері көп болса, міндеттері де артады және жауапкершілігі де жоғарылайды. Құқықтық міндетінің жоқтығы, жауапсыздыққа, міндеті жоқ болса жауапсыздық та пайда болып ол өз кезегінде құқық бұзуға алып келеді.

Адам есейген сайын құқықтық-құлықтық жауапкерлігі арта түсуі тиіс. Қазақстанда құқықтық жауапкершілік 14 жастан жартылай, 16 жас және 18 жастан толық міндеттеледі. Осыған орай, педагогтардың санасында «шәкірт құқығы басталған жерде менің құқығым тоқтайды», «заңға қайшы келмейтіннің барлығын істеуге құқығым бар» деген ұғымдар қалыптасуы тиіс.

Демек, өзін құқықтық қамсыздандыру ұстанымы студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда мән беретін маңызды мәселе олардың әр қайсысының ең алдымен, өз

құқығын сақтау және қорғауға дайын болуы керек екенін ұғынуы тиіс. Өйткені тағдыр, игілікті күн көріс, қауіпсіздік, құқық қорғау орындарымен болған қатынаста туындайтын кейбір келеңсіздіктердің оң сипат алуы әркімнің өзіне байланысты болғандықтан, дәл осы жерде «әркімнің тағдыры өз қолында» деген қанатты сөз орынды. Заң бәрінен де қуатты болғандықтан, қашанда оған бойсұну санадан мықтап орын алуы керек. Ол үшін студенттер арасында жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарда қылмыстың соңы жақсылыққа апармайтынын айғақтар мен дәлелдер арқылы, санмен көрсету, не себептен және қалайша адамдар «ойламаған, күтпеген» жерден сот алдында жауап беруге мәжбүр болатынын түсіндіру.

Осының себептері мен салдарын ашып көрсету, заң бұзуға алып келген себептердің психологиялық, тұрмыстық шарттарын ашып көрсету, білімсіздік пен мәдениетінің төмендігі, адамгершілік қасиеттерінің жетілмеуі, заң нормаларын орындауға әдеттерінің қалыптаспағаны, рухани қажеттенулерінің нашарлығы, азаматтық тәрбиенің жоқтығы, жауапкершілік пен тәртіптің жоқтығы, жаман әдеттермен, өз талаптарын қанағаттандыру жолдарын білмеуі, адамдарға сүйіспеншілігінің жоқтығы және басқалар екенін ашып көрсетуді талап етеді.

Демек, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда осы пәнге және құқықтық-педагогикалық іс-әрекетке деген қызығуын ояту мақсатында оқыту әдістерін байыту және оқытудың тиімділігін арттыру, құқықтық танымын байыту мақсатында жаңа технологияны қолдану; әсіресе студенттердің құқықтық санасын қалыптастыруға септігін тигізетін белсенді әдістерді-проблемалы оқыту, пікірсайыс, пікірталас, конкурстар, ойын т.б. қолдану; өзіндік ізденуіне сол арқылы өз бетімен білімін толықтыруға, алған білімін ой елегінен өткізіп саналы қабылдауға түрткі беретін студенттің зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және мұнда конференцияларға баяндама әзірлеу, рефераттар жазу, білім көздеріне педагогикалық-құқықтық тұрғыда талдау беру; жекелеген материалдарды талдау және оған пікір жазудың маңызы зор .

Құқық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізетін пәндерді оқытудың мазмұнын жетілдіруде оларды қазіргі кездегі тың теориялық мәліметтермен толықтыру; студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда ізгілікті пәндерді оқытудың орны ерекше. Осыны ескере отырып жоғары педагогикалық оқу орындарында педагогика пәндері-болып саналатын педагогиканың тарихы, тәрбиелеу әдістемесі мен технологиясы, отбасы тәрбиесінің теориясы, ұстаз мамандығына кіріспе т.б. құқықтық таныммен ұштастыру; психология пәндерін оқытуда құқықтық танымның психологияға қатысты тұстарын қарастыру; философия пәндерін, әсіресе әлеуметтану пәнін оқытуда оның азаматтық құқыққа

байланысты тұстарын ашып көрсету студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда орны ерекше болып табылады [12].

Заң және құқық туралы дұрыс ұғым мен түсінік қалыптастыру мақсатында осыған орай жалпы сауаттандыру шараларын жүйелі және арнайы бағдарлама негізінде ұйымдастыру; осыған орай заңға бағыну, құқық қорғау, қарыз, парыз, міндет, ар, намыс-деген секілді ұғымдарды нақтылайтын және маңызы мен мағынасына қатысты мәліметтер беріп білім, білік қалыптастыруға арнайы курстар ұйымдастыру; адамгершілік нормалары мен құқық нормаларының ара қатынасын ұғыну құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Демек, осыған орай өзіндік жұмыстар жүйесін жасап ұсыну да студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың басты шарттары.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда құқық тәрбиесін жекелеген оның бөліктерімен ғана, мысалы, нашақорлыққа, алкогольизмге, құмар ойындарына т.б. қарсы деп бөліп алмай тұтас, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруды жұмыстың жүйесіне ендіру; бұны жастар арасындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралармен ұштастыру; студент жастар арасындағы келеңсіздікке ұшырағандарын анықтап, олармен жеке және топтық тәлім-тәрбие, білімдер беруді ұйымдастырудың тиімділігі жоғары болып табылады.

Яғни студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың аса маңызды шарттарының бірі оқу орындары тарапынан олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы құқықтық мәдениеттілікке қажеттенуін туындату шараларын қарастыру және жүзеге асыру, сонымен бірге студенттерді өздерінің бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету, соған бейімдеу болып табылады.

Студенттің өз бойында құқықтық мәдениетінің қалыптасқанын және оның қаншалықты дәрежеде екенін байқап көруіне нақты шараларға араласуы ғана мүмкіндік береді; бұл олардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап өз ісінде ары қарай жұмыс жүргізуіне, өзіндік ізденуіне түрткі береді. Сондықтан құқық қорғауға байланысты қоғамдық істерге араластыру да студенттердің бойында құқық мәдениетін қалыптастырудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Болашақ маман – студент жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда орынды қолдануды талап ететін тағы бір маңызды құрал – діни-құлықтық мәдениеттің ықпалы. Қазіргі Қазақстан қоғамында жастар тәрбиесіне болған діннің ықпалына көз жұму, не оны түсінбеу, мән бермеу, мойындамау сияқты теріс әрекеттердің орын алып отырғаны белгілі. Дін десе оны тек адамдарға теріс ықпал ететін құрал етіп көрсетуге ұмтылу, әсіресе көпшілік жергілікті ұлт ұстанып келе жатқан ислам дініне қарсы пікір қалыптастыруға ұмтылу байқалады. Бірақ қай діннің де адам санасына әсерінің қуатын мойындамауға болмайды. Сол себепті болса керек, кезінде «дін – апиын» деген ұғым да пайда болған. Сондықтан, біз

қаласақ та, қаламасақ та дін қоғамда өмір сүруде және ол жас ұрпақтың санасынан мықтап орын алып келеді. Олай болса, одан бас тартпай, керісінше оның мүмкіндігін ұтымды да, тиімді пайдаланудың ғылыми-педагогикалық, психологиялық негізделген жолдарын қарастыру керек.

Біз үнемі үлгі етіп әдеттенген АҚШ және басқа да Батыс, Шығыс Еуропа елдерінде, сондай-ақ үнемі үлгі алуға әдеттенген Ресей мемлекетінде осы дін тәрбиесін және оны ұлы мәдениет ретінде танып-білуге кең мүмкіндік берілген. Атап айтсақ, кейінгі кезде жарық көрген педагогика, педагогиканың тарихы, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік психология, жалпы психология, тәрбиелеу технологиясы мен әдістемесі және басқа да оқулықтар мен оқу құралдарында дін және оны тәрбие құралы ретінде пайдалану мәселесіне тараулар мен бөлімдер арналып жазылып келеді. Демек, бізге де осы мәселені қолға алып орынды пайдаланатын уақыт жеткен секілді.

Қалай десек те, қазіргі кезде басты діндердің барлығы жастарды жыныстық тәртіпсіздіктен, қылмыстан, ұрлық-зорлықтан, нашақорлық пен масайту ішімдігінен, құмарпаздықтан сақтау үшін мінәжәт орындары мен басқа да діни мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылуда. Осы мәселені зерттеуші педагог, психолог, философ ғалымдардың пікірінше Алладан берілмеген, адамдар жасаған зайырлы адамгершілік мінез-құлық ұстанымдары мен ережелері шартты түрде болғандықтан адам санасында терең орын тебе алмайды. Бұған халық арасында кең тараған, авторы белгісіз «заң оны бұзу үшін жазылады» деген мәтелді келтіруге болады.

Осыған орай Ресейде студенттерге арналған дінтану және сенім бағдарламасы мен оқулығы түзіліп, «Духовно-нравственное воспитание» деген журнал да шығады. Алайда, бұл да қоғам тарапынан қарсылыққа ұшырап отыр. Қазақстанда мұндай батыл қадамдарға бармаса да діни қызметкерлер тарапынан «Нұр шапағат», «Ислам әлемі» деген секілді журналдар шығып, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Ислам және өркениет» газеттерінің беттерінде дінтану тақырыптарына байланысты материалдар жарияланып тұрады. Студент жастар арасында құқықтық мәдениет қалыптастыру бағытындағы жұмыстарда осы мүмкіндіктерді пайдалану олардың нанымы мен сеніміне, сезіміне ықпал етеді.

Ғалымдар арасында «әдет» терминінің шығуы туралы біртекті пікірлер жоқ. «Әдет» – «әдет-ғұрып» деген араб сөзінен шыққан, мағынасы дағды, әдет. Әрине қандай бір іс болмасын, әуелі дағдыға, әдетке айналып, кейін келе көпшілік қолданатын заңға айналып, оны бұзу ерсі қылық, қылмыс саналған. Әр халықтың өзіне жарасатын әдет-ғұрып, салт-санасы мен дәстүрлері бар [13]. Ол өздеріне қымбат. Осы зиялы адамзаттың бір бұтағы – түрлі қауымның да өткен өмірі әр алуан, талай замананы алып жатыр. Осыған орай, өздеріне

тән әдет-ғұрып, салт-сана, қағида-ережелері де баршылық. Мұның бәрін болса да ислам жоқ етіп, тамырына балта шаппаған. Қайта олардың прогрессивті жақтарын өз ішіне қамтып, қиюластырған. Соның нәтижесінде ислам заң нормалары сомданып, айшықтана түсіп кез-келген формацияға кереғар болмай қабыса алады.

Ол әдеби шығармаларды дәстүрлі құқықтық нормалар жиынтығын білу үшін қолданылады. Үлкен Советтік Энциклопедияда: «Әдет – ислам діні тараған елдер арасындағы халықтық дәстүр құқығы», - делінген.

Құлықтық тәрбиені түбегейлі жүзеге асыру үшін алдымен дінге болған көзқарасты өзгерту, одан соң діни таным мен діни сенімнің мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын қарастыру керек. Жалпы оның жолы да белгілі деуге болады.

Бұл педагогикалық шарттар жалпы педагогиканың әрқандай оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді жүзеге асыру үшін арнайы педагогикалық шарт түзілуі керек деген педагог ғалымдар Г.Щукина, Ю.К.Бабанский, Н.И.Болдырев, т.б. тарапынан анықталған жалпы ережесіне негіздей отырып жасалды [14].

Ғалымдардың зерттеулеріндегі құқық тәрбиесіне қатысты пікірлерді жинақтай келе, анықталған педагогикалық шарттардың студенттердің бойында құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндіктерін арттыру қажеттілігімен сипатталады.

Педагогикалық шарттардың негізі студенттердің құқықтық мәдениетін қажеттігін туындату болып, бұл құқықтық таным мен адамгершілік сезімдерінің ұштасуына ықпал ететіні белгіленді. Оның өлшемдері – құқықтық нормалар мен адамгершілік сезімдерінің тәрбиеленуі, ал көрсеткіштері Қазақстан мемлекетінің азаматы ретінде әр студент азаматтық Кодекс және азаматтық құқықты қайырым, мейірім, әділдік, адалдық, қарыз - парыз, міндет, талап сияқты адамгершілік нормаларымен тоғыстырып, осы ұғымдардың мәнін түсіну мен оларды сезініп, ұғынуы; сезім мен заң ара қатынасын ажырата және байланыстыра алуы [15].

Яғни, педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыру болып оның ықпалы – құқықтық ұстанымдары мен әдет, дағдыларын сәйкестендіруіне шарт түзуі, ал өлшемдері – құқықтық іс-әрекетінің саналы қалыптасуы; адамгершілік нормаларын білуінің құқықтық ереже, қағидалар туралы жалпы білімді жүйелі меңгеруіне ықпалы; «құқықтық мәдениет» ұғымының мазмұны мен мәнін білумен қоса оқу-тәрбие үрдісін басқаруда ұстануға, орындауға ынталы болуы; құқық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарына қатысты теориялық білімі мен практикада оны ұштастыра алуы;

Құқықтық мәдениет қалыптастырудың мынадай ұстанымдарын меңгеруі туындаған әр түрлі ситуацияларды шешуде әр адамның жеке ерекшеліктерін ескеруі;

- адамгершілік пен құқықтық танымды ұштастыру ұстанымын басты парыз ретінде тану;

- педагогикалық іс-әрекетінде құқықтық мәдениеттіліктің жағымды үлгі-өнегесін көрсетуге ынталануы;

- өз іс-әрекетін үнемі бақылап, байқап, санаға салып, сын тұрғысынан бағалау және кемшіліктерді түзетуге дайын болуы;

- кез келген тұлғамен (оқушы, ата-ана, әріптес т.б.) педагогикалық қарым-қатынаста адамгершілік нормалары мен құқықтық талаптарды сақтауы;

- педагогикалық іс-әрекетінде ұстаздық шеберлік пен құқықтық мәдениетті ұштастыруы;

- әр қандай құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмауда белсенділік таныту.

Келтірілген педагогикалық жүйенің және педагогикалық шарттардың ықпал етуі нәтижесінде студенттердің құқықтық мәдениетінің құрамы мен оларды қалыптастыру деңгейлерін былайша анықтап көрсетуге мүмкіндік алдық. Студенттердің құқықтық мәдениеттілігінің құрамын:

1) құқықтық білім мен адамгершілік нормаларын саналы тоғыстыруы;

2) адамгершілік сезімдерінің құқықтық ұстанымдармен сабақтастығы;

3) тұлғаның құқықтық нормаларын сақтау және қорғауды педагогикалық іс-әрекетімен ұштастыруы деп белгілеген едік.

Студенттерде құқықтық мәдениеттің қалыптасуының өлшемдерін көтеріңкі, аралық, базалық деп белгіледік.

Сонымен, студенттердің құқықтық білім мен адамгершілік нормаларын саналы тоғыстыруының көтеріңкі деңгейінің көрсеткіші – Құқықтық ереже, қағидалар туралы жалпы білімі жеткілікті; адамгершілік нормаларын меңгерген; «құқықтық мәдениет» ұғымының мазмұны мен мәнін біледі; Оқу-тәрбие үрдісін басқаруда оларды ұстануға, орындауға ынталы; құқық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын ұштастыра алады; аралық- құқықтық ереже, қағидалар туралы жалпы білімі жеткіліксіз; адамгершілік нормаларын меңгерген; «құқықтық мәдениет» ұғымының мәнін білгенімен мазмұнын аша алмайды; оқу-тәрбие үрдісін басқаруда құқық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын ұштастыра орындауда селқостығы бар; базалық-Құқықтық ереже қағидалары туралы жалпы білімі жеткіліксіз; адамгершілік нормаларын меңгергенімен ұстануға ынтасыз; «құқықтық мәдениет» ұғымының мазмұны мен мәнін толық аша алмайды; оқу-тәрбие үрдісін басқаруда оларды ұстануға, орындауға ынталы.

Ал, адамгершілік сезімдерінің құқықтық ұстанымдармен сабақтастығының көтеріңкі екендігінің көрсеткіші студенттердің қарыз, парыз, міндет, әділдік, қайырым, мейірім ұғымдарын адамның жеке басының еркіндігіне шек қоймау, ар-намысына тимеу, жәбірлемеу

және денсаулығына нұқсан келтірмеу, жеке құқығын бұзбау-ұғымдарымен қатар ұстануы; тұлғаның экономикалық, әлеуметтік саяси құқығын сақтау мен ұштастыру; осы ұғымдарды іс-әрекетінде ұстануға ынтасы; аралықкөрсеткіші – қарыз, парыз, міндет, әділдік, қайырым, мейірім ұғымдарын адамның жеке басының еркіндігіне шек қоймау, ар-намысына тимеу, жәбірлемеу және денсаулығына нұқсан келтірмеу, жеке құқығын бұзбау-ұғымдарын меңгерген, бірақ практикада ұстануға селқос; тұлғаның экономикалық, әлеуметтік саяси құқығын сақтау қажеттігін біледі, бірақ практикада ұстануы жеткіліксіз; базалық – қарыз, парыз, міндет, әділдік, қайырым, мейірім ұғымдарын адамның жеке басының еркіндігіне шек қоймау, ар-намысына тимеу, жәбірлемеу және денсаулығына нұқсан келтірмеу, жеке құқығын бұзбау ұғымдарын толық меңгермеген, сондықтан практикада ұстануға ынтасы төмен; тұлғаның экономикалық, әлеуметтік саяси құқығын сақтау қажеттігін біледі, бірақ практикада ұстануы жеткіліксіз [16].

Студент тұлғасының бойында құқықтық нормаларын сақтау және қорғауды педагогикалық іс-әрекетімен ұштастыруы – құқықтық мәдениетінің қалыптасқандығының өлшемі болса, оның көтеріңкі екендігінің көрсеткіші – мемлекеттік құжаттарды танып-білу және оларды басқаларға жеткізудің әдістері мен формаларын, мазмұнын меңгерген; адамгершілік нормаларымен құқықтық нормалардың ара қатынасын ашып бере алады және педагогикалық іс-әрекетінде оларды сақтауға ынталы; қоғамдық жұмыстарға араласуы және басқаларды тартуда белсенділік танытады; өзін-өзі жетілдірудегі ізденістері жеткілікті; аралық – көрсеткіші, мемлекеттік құжаттарды танып-білуге ынталы болғанымен оларды басқаларға жеткізудің әдістері мен формаларын, мазмұнын толық меңгермеген; адамгершілік нормаларымен құқықтық нормалардың ара қатынасын ашып бере алады, бірақ оларды ұстануда белсенділігі жеткіліксіз; педагогикалық іс-әрекетінде оларды сақтауға ынталы, қоғамдық істерге араласуы және басқаларды тартуда белсенділік танытады; өзін-өзі жетілдірудегі ізденістері жеткіліксіз; базалық мемлекеттік құжаттарды танып-білуге ынталы болғанымен, оларды басқаларға жеткізудің әдістері мен формаларын, мазмұнын толық меңгермеген; адамгершілік нормаларымен құқықтық нормалардың ара қатынасын ашып бере алады, бірақ оларды ұстануда белсенділігі жеткіліксіз; педагогикалық іс-әрекетінде оларды сақтауға ынталы, бірақ қоғамдық істерге араласуы және басқаларды тартуда селқос; өзін-өзі жетілдірудегі ізденістері жеткіліксіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Верб Э.А. Взаимосвязь эстетической и педагогической культуры будущего учителя // Проблемы эстетики образования и воспитания. Сборник научных трудов. Вып. 338. Отв. ред В.В.Кукушанов. – Москва, 1988. – С. 99-107

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі [Электронды ресурс]. – 2017. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz>
3. Горлинский И.В. Педагогическая система гибкого обучения специалистов в высших учебных заведениях Министерства внутренних дел Российской Федерации/ И.В.Петушкова. – Москва, 1997.
4. Корнеев С.М. Методика преподавания практических занятий по гражданскому праву: Методика преподавания юридических предметов/ С.М. Корнеев. – Москва, 1986.
5. Балтабаев М.Х. Педагогикалық мәдениеттану: оқулық/ М.Х. Балтабаев. –Алматы: Ұмай, 2003.
6. Сейталиев К.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1921ж): п.ғ. д. ... атағын алу үшін әзірленген автореферат: 13.00.01 – Алматы, 1998. – 47 б.
7. Уманов Г.А. История создания и тенденции развития профессионально-технического образования в Казахстане: монография/ Г.А. Уманов. – Алматы, 1970г.
8. Казмаганбетов А.Г. Научно-педагогические основы формирования системы оценочных притязаний старшеклассников в учебном процессе: монография/ А.Г. Казмаганбетов.- Алматы, 1999ж.
9. Керімов Л.К. Қиын жасөспірімдерді жеке дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы: монография/ Л.К. Керимов. – Алматы, 1992ж.
10. Байсерке Л.К. Педагогические основы нравственно-правового воспитания учащихся общеобразовательных школ: монография/ Л.К. Байсерке. – Алматы, 1998г.
11. Тесленко А.Н. Социализация молодежи: педагогика отношений в социуме: монография/ А.Н. Тесленко№ –Алматы, 2002. –236 с.
12. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: пед.ғыл. канд. ... дис.- Алматы, 1995.- 136б.
13. Нурмукашева С.К. Развитие военно-патриотического воспитания старшеклассников в школах Казахстана (1960-1985): монография/ С.К. Нурмукашева. – Алматы, 1994ж
14. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-түрк»)/ М.Қашқари. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.
15. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т. 1. – 320 б.
16. Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи: Көмекші оқу құралы/ А.Ахметбек. – Алматы: «Санат», 1998. – 112 б.

ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ
ART, CULTURE AND SPORT

ГТАМР 77.03.05

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН АРТТЫРУДЫҢ
МОТИВАЦИЯЛЫҚ-МАҚСАТТЫ БАҒЫТЫ

Н.Ө. ӨТЕГЕНОВ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада студенттердің қажеттілік-мотивациялық саласы жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесінің тиімділігін арттырудың факторы екендігі негізделген. Дене тәрбиесінің тиімділігін арттыру шарттарын ұйымдастыру университеттегі студенттердің дене шынықтырудағы қажеттілік-мотивациялық саланың динамикасын зерттеуді, теріс уәжді азайту және студенттердің дене шынықтырумен айналысуға оң уәжің қолдау жолдарын іздеуді анықтайды.

Түйін сөздер: мотивация, дене тәрбиесін ұйымдастыру, факторлар, тиімділікті арттыру.

Аннотация. В статье обосновано, что потребностно-мотивационная сфера студентов является фактором повышения эффективности физического воспитания в высшем учебном заведении. Организация условий повышения эффективности физического воспитания предопределяет исследование динамики потребностно-мотивационной сферы занятий физической культурой студентов в вузе, поиск путей снижения негативной мотивации и поддержания позитивной мотивации студентов к занятиям физической культурой.

Ключевые слова: мотивация, организация физического воспитания, факторы, повышение эффективности.

Annotation. The article proves that the need-motivational sphere of students is a factor in improving the effectiveness of physical education in higher education institutions. The organization of conditions for improving the effectiveness of physical education determines the study of the dynamics of the need-motivational sphere of physical education of students in higher education, the search for ways to reduce negative motivation and maintain positive motivation of students to physical education.

Key words: motivation, organization of physical education, the factors that increase efficiency.

Зерттеудің өзектілігі. Дене шынықтыру және спорт қызметінің мазмұны мотивтерді, мүдделерді, құндылық бағдарларын қамтитын мотивациялық сала арқылы нақтыланады. Адамның мінез-құлқының қозғаушы күштері сонымен қатар сезімдер мен эмоцияларды, яғни мотивацияның моральдық бағытын қамтиды.

Мотивациялық сала жүзеге асырылатын іс-әрекеттің маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар қызметтің қалаған бағытта одан әрі даму болашағын да анықтайды.

Дене тәрбиесі процесінің нақты қозғаушы күші - бұл қажетті сапаны белгілей отырып жеке тұлғаның мазмұнды жағы және педагогикалық жағдайларға байланысты өзгеретін жеке тұлғаның динамикалық жағымен, оның функционалды мүмкіндіктерімен байланысты болатын іс-әрекет процесіне байланысты мақсатты нұсқаулық арасындағы қайшылық [1].

Дене тәрбиесі мұғалімінің педагогикалық қызметін жүзеге асырудың құралдары мен әдістерін таңдау, оның нақты нәтижесі дұрыс таңдалған мақсатқа байланысты.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің дене тәрбиесін дамытуға және жетілдіруге бағытталған педагогикалық зерттеулерде, әдетте, осы мәселенің бір жағы немесе "оқытушы" немесе "студенттік" талданады.

Жоғары оқу орнында дене тәрбиесін біржақты қарау эклектикалық тұжырымдарға әкеледі және оны оқытушы мен студент белгілі бір жүйелілік ретінде қарастырылуы керек процесс ретінде оқуға және дамытуға мүмкіндік бермейді. [2].

Дене тәрбиесінің теориясы немесе практикасы болсын, студенттің дене тәрбиесіне саналы көзқарасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жеткілікті зерттелмеген, оқытушы мен студент арасындағы тығыз жеке ынтымақтастықсыз құру және жүзеге асыру мүмкін емес. Жоғары оқу орындарында оқу процесінде психикалық және психикалық стресс аясындағы физикалық жүктеме, стресстік жағдайлардың мүмкін болатын жағымсыз әсерлерін өтейтін фактор болуы мүмкін [3].

Сондай-ақ, студенттер арасында дене тәрбиесін дамыту және арттыру үшін дене шынықтырудың моральдық-тәрбиелік әлеуетін ескеру қажет. Бұл аспектінің маңыздылығы, біздің қоғамымыздағы өзгерістер кезеңінде қоғамдық құрылымның барлық деңгейлерінде адамгершіліктің айтарлықтай төмендеу тенденциясын атап өтуге болатындығына байланысты.

Дене шынықтыру саласы жеке тұлға мен әлеуметтік топтардың адамгершілігін қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге ие.

Дене шынықтырудың мәні бүкіл оқу кезеңінде студенттердің өмір сүру режимін, белсенді демалысын оңтайландыру, жұмыс қабілеттілігін сақтау және арттыру құралы ретінде артып келеді. Сонымен қатар, дене шынықтыру құралдары болашақ мамандық жағдайларына қатысты жалпы және арнайы дене шынықтырумен қамтамасыз етіледі [4].

Нақты мәселелерді шеше отырып, студенттердің дене тәрбиесі сонымен бірге адамгершілік, ерік-жігер және эстетикалық дамуда маңызды рөл атқарады, жан-жақты дамыған мамандарды даярлауға айтарлықтай үлес қосады, бұл қазіргі қоғамдағы өте маңызды аспектілер.

Зерттеудің мақсаты - университеттегі дене тәрбиесін жақсарту проблемаларының жай-күйін қарастыру, дене тәрбиесі процесінің мотивациялық-мақсатты бағытын және белгілі бір дәрежеде осы бағытқа жанама әсер ететін мәселелерді талдау.

Зерттеу әдістері - қойылған мақсатты шешу үшін зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Студенттердің дене тәрбиесінің мазмұнына заманауи көзқарастар авторлық және эксперименттік оқу бағдарламаларын әзірлеу негізінде жаңа дәстүрлі емес дене шынықтыру құралдарын тартуды талап етеді.

Сауықтыру гимнастикасының дәстүрлі емес түрлерінің құралдары (аэробика, атлетикалық гимнастика) студенттердің жұмысқа қабілеттілігін, төзімділігін және басқа да физикалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ жастардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттырады, Университетте студенттердің дене тәрбиесі процесінің негізгі міндеттерін шеше отырып, салауатты өмір салтын қалыптастырады.

Студенттерді спорт түрлері бойынша топтарға бөлу кезінде оның сауалнамалық сұрау арқылы анықталған танымалдылығын, университеттегі бар спорт ғимараттарының жай-күйін, сондай-ақ дене шынықтыру кафедрасының оқытушылық құрамында спорт түрлері бойынша мамандардың болуын ескеру қажет. Жеке көзқарас қағидатын сақтау педагогикалық әсердің студенттердің өмірлік тәжірибесіне, күштері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, әр адамның ерекше екенін есте ұстаған жөн. Оның өз мүдделері, қызығушылығы, қажеттіліктері, бағалары бар. Сондықтан студенттердің жеке ерекшеліктеріне негізделген оқу процесі жаңа, құнды мүдделер мен қажеттіліктердің пайда болуы мен көрінісі үшін мүмкіндіктер жасауы керек.

Дене тәрбиесін жақсарту үшін сәттіліктің шешуші шарты - белгілі бір адамның барлық сипаттамаларын ескере отырып, тәрбиелік ықпал ету факторы, ал нақты формаларды бағалау кезінде ұжымда біртұтас шығармашылық этикалық ұстанымды қалыптастыру мінез-құлық та өте маңызды фактор болып табылады. Бұл спорт мұғалімдеріне моральдық тұлға мен іс-әрекеттің этикалық мінсіздігі үшін қосымша жауапкершілік жүктейді. Адамның физикалық қасиеттері мен дене дайындығын жақсартуда қол жеткізілген айтарлықтай нәтижелерге қарамастан, егер олар моральдық тұрғыдан тәрбиеленбесе және күш-жігерін қоғамның пайдасына жұмсауға белсенді ниеті болмаса, олар қоғам үшін пайдалы болмауы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

"Физикалық тәрбие" деп түсінетіндердің көпшілігі ерік-жігерді тәрбиелеу болып табылады. Қимылдарды үйрену, физикалық қабілеттерді жетілдіру процесінде бет әлпеті міндетті түрде әрекет ете отырып дамиды. Онсыз физикалық жетілу жолындағы бірде-бір тапсырманы парадоксалды жүзеге асыру мүмкін емес.

Дене тәрбиесі процесінде ең көп әсер ететін ерікті қасиеттердің арасында:

- мақсаттылық;
- қиындықтарды жеңуде көрінетін табандылық пен қыңырлық;
- төтеп берулік (өз сезімдері мен көңіл-күйлерін реттеу мүмкіндігі);
- табандылықпен пен батылдық (тез шешім қабылдау және қауіп-қатерге қарсы әрекет ету қабілеті);
- белсенділік (дәстүрлі емес құралдар мен әдістермен қиындықтарды жеңу).

Ерекше фактілермен "ерікті қасиеттерді тәрбиелеу-үнемі өсіп келе жатқан қиындықтарды жүйелі түрде жеңу. Сонымен қатар, қиындықтар студенттердің мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек. Яғни, дене тәрбиесі процесінің логикасы мен ерік-жігерді тәрбиелеу логикасы сәйкес келеді, өйткені олар бір заңдар мен принциптерге бағынады (жүйелілік, прогресс, қол жетімділік).

Сондай-ақ, проблемаларды шешу және дене шынықтыру сабақтарының тиімділігін арттыру үшін сабақтарды өткізудің бірыңғай формаларын жою қажет. Оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін университет оқытушылары даралау және саралау ережелерін қолдануы керек, студенттер арасындағы дене тәрбиесін жақсарту үшін дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекетінің стандартты бағыттарын, әдістері мен құралдарын өзгерту қажет. Осыған байланысты оқытушылар осы саладағы білім жүйесін жетік білуі, оларды соңғы ғылыми деректер негізінде үнемі жаңартып отыруы, студенттерге берудің ықпалды құралдарын табуы, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс дағдыларын, компьютерлік грамотаны, заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгеруі тиіс [5].

Қорытынды. Сонымен, университетте дене шынықтыруды арттыру проблемалары күрделі құбылыс деп айта аламыз, оның көптеген аспектілері бар, соның арқасында оларды есепке алу арқылы тиімді және тиімді шешімдер мен оларды жою жолдарын табуға болады. Мәселелерді шешу үшін студент пен оқытушы арасындағы тығыз кері байланысты (өзара әрекеттесуді) ескеру қажет, соның арқасында студент дене шынықтырудың бастапқы деңгейін оның барлық компоненттері бойынша бағалайды.

Жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі курсының үлкен тәрбиелік әлеуеті тұлғаның адамгершілік, эстетикалық, ерік-жігерлік қасиеттерін, еңбексүйгіштік пен жауапкершілікті қалыптастыруға айтарлықтай ықпал ете алады, бұл қазіргі қоғамға қажет [6].

Университетте студенттердің дене тәрбиесін жақсарту бағыттары көрсетілген, олардың жан-жақты қолданылуын ескере отырып, студенттердің дене шынықтыруының

сапалық параметрлеріне ықпал етіп қана қоймай, олардың физикалық денсаулығына әсер етуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Пятков В.В. Формирование мотивационно-ценностного отношение студентов к физической культуре: на материале педвузов: дис ... канд. пед. наук. - Сургут, 1999. - 184 с.
2. Теория и методика физического воспитания / под ред. Крুцевич Т.Т. 2. – Киев: Олимпийская литература, 2014. – 392 с.
3. Станкин М. Психолого-педагогические основы физического воспитания / Станкин М. – М., 2015. - 180 с.
4. Чернобаб И.О., Грибан Г.П., Чубаров М.М. Пути повышения эффективности физического воспитания в вузах // Физическая культура и спорт в повышении социальной активности студентов: Сборник научных трудов/ Уманский сельхозинститут. – Умань, 1990. – С. 9-20.
5. Орлов Ю.М. Потребностно-мотивационные факторы эффективности учебной деятельности студентов вуза: дис. ... д-ра психол. наук / Орлов Юрий Михайлович. – М., 1984. – 525 с.
6. Двигательная активность и здоровье человека (теоретико-методические основы оздоровительной физической тренировки): учебное пособие / В.С.Николаев, А.А.Щанкин. – М.Берлин: Директ-Медиа, 2015. –80с.
7. Щетинина С.Ю. Основные концепции и подходы к совершенствованию физического воспитания школьников / С.Ю. Щетинина // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. – 2013. – № 2 (27). – С. 210-217.
8. Воробьева И.Н. Теоретические основы формирования мотивационно-ценностного отношения школьников к здоровому образу жизни средствами физической культуры //Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2014. №1 (16). С. 37-40.
9. Атамась О.А. Аспекты формирования готовности будущих учителей физической культуры к внедрению технологий оздоровительного фитнеса //Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2013. №1 (12). С. 33-35.
10. Виноградов П.А. Физическая культура и спорт трудящихся / П.А. Виноградов, Ю.В.Окуньков. – М.: Советский спорт, 2015. –172с.
11. Наговицын Р.С. мотивация студентов к занятиям физической культурой в вузе // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 8-2. – С. 293-298;

12. Бароненко В.А. Здоровье и физическая культура студента: Учебное пособие / В.А.Бароненко. – М.: Альфа-М, ИНФРА-М, 2012. –336с.
13. Евсеев Ю.И. Физическая культура: Учебное пособие / Ю.И.Евсеев. – Рн/Д: Феникс, 2012. –444с.
14. Здоровьесберегающая физическая культура в профессионально-педагогическом вузе [Электронный ресурс]: учебно-методическое пособие / под ред. С.А. Медведевой, Е.Б. Ольховской, Т.А. Сапегинной. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2016. 260 с.
15. Бажин А.В. Актуальные проблемы развития физического воспитания студентов / А.В. Бажин, Е.О. Дрягина//современное образоваие: плюсы, минусы и перспективы: материалы VIII международной научно-практической конференции. – 2017. – С. 18-21.
16. Канагатов Н.Т. Актуальные проблемы развития физического воспитания студентов / Н.Т. Канагатов Л.А. Сирока // Образование: традиции и инновации: материалы IV международной научно-практической конференции. – 2014. – С. 60-63.

ҒТАМР

СПОРТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ӘДІСТЕРІН БАҚЫЛАУ

Н.А. УМИРЗАКОВ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Арнайы және спорттық дайындықты бағалау үшін қажетті сынақтар мен бақылау тапсырмаларын дербес таңдауға, олардың нәтижелері дұрыс орындауға және бағалауға мүмкіндік береді. Спорт түрлерінде қозғалыс әдісінің тиімділігін бағалау үшін жаттығу элементтерінің техникасын орындауды бақылау қажет. Мысалы, жүзу, жүгіру, шаңғымен және конькимен сырғанау сияқты спорт түрлерінде қозғалысқа қарай жылдамдық өлшенеді. Спорттық ойындарда техникалық дайындық белгілі бір шабуылдаушылар саны немесе қорғаныс әрекеттері арнайы әдістермен бағалануы мүмкін. Тактикалық ойлауды өзін-өзі бақылау үшін ақпараттық құралдары пайдаланылады. Онда болжамды тактикалық жағдай бейне экранында көрсетіледі.

Түйін сөздер: Волейбол, тактика, шаңғы, спорт, жүзу, жүгіру

Аннотация. Позволяет самостоятельно выбирать испытания и контрольные задания необходимые для оценки специальной и спортивной подготовки, правильно выполнять и оценивать их результаты. Для оценки эффективности метода движения в видах спорта необходимо контролировать выполнение техники тренажерных элементов. Например, в таких видах спорта, как плавание, бег, катание на лыжах и коньках, измеряется скорость движения. Техническая подготовка спортивных играх может быть оценена специальными методами с определенным количеством атакующих или защитными действиями. Для самоконтроля тактического мышления используются информационно-коммуникационные технологии.

Ключевые слова: Волейбол, тактика, лыжи, спорт, бег, плавание.

Annotation. Allows you to choose tests and control tasks that are necessary for evaluating special and tactical training, perform them correctly and evaluate their results. To evaluate the effectiveness of the movement method in sports, it is necessary to monitor the implementation of the technique of training elements. For example, in sports such as swimming, running, skiing, and skating, speed is measured. Technical training at sports games can be evaluated by special methods with a certain number of attacking or defensive actions. Information simulators are used for self-control of tactical thinking. There's an alleged tactical situation video.

Key words: Volleyball, tactics, skiing, sports, run, swimming

Спортшының өз әлеуетіне сай жақсы жүзеге асырған қозғалысы – спорттық қозғалыстың ең тиімді түрі деп саналады. Спорттық қозғалысты шынайы іске асыру құлшынысқа, тактикалық және дене шынықтырумен қатар көптеген факторларға да байланысты. Тиімді әдіс қозғалыстың ең жоғарғы нәтижесін қамтамасыз етеді. Әртүрлі спорт түрлерінде қозғалыс әдісінің тиімділігін бағалау үшін жаттығу элементтерінің техникасын орындауды бақылау қажет. Мысалы, жүзу, жүгіру, шаңғымен және конькимен сырғанау сияқты спорт түрлерінде қозғалысқа қарай жылдамдық өлшенеді. Спорттық ойындарда техникалық дайындық белгілі бір шабуылдаушылар саны немесе қорғаныс әрекеттері арнайы әдістермен бағалануы мүмкін. Мысалы, ойын алаңының белгілі бір аймағына 5 немесе 10 рет әрекет жасауға мүмкіндік беру; волейболға алдын-ала белгіленген әрекеттерден дәл өту саны тиімді соққыларға жатады. Қозғалыс техникасын жетілдірудің белгілі бір кезеңінде оның дамуын бақылау қажет. Жұмыстың негізгі биомеханикалық сипаттамалары мен нәтижелерінің тұрақтылығы олардың дамуының дәлелі болады. Әдістердің тұрақтылығы сыртқы жағдайлар өзгергенде, шаршау жағдайында және қозғалыс кезінде орындалады және бұл жағдайда технологияның тұрақтылығының дамуын көрсетеді. Техникалық дайындықты бақылау спортшының жарыстардағы табысқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерінің тиімділігін бақылауға болады. Осындай қимылдардың қайталануы техникалық нұсқалар деп аталады. Тактикалық ойлауды өзін-өзі бақылау үшін ақпараттық жаттығу құралдары пайдаланылады. Онда болжалды тактикалық жағдай бейне экранында көрсетіледі. Эспозицияның басталуымен бір мезгілде уақытты өлшеу құралы қосылады, тактикалық тапсырманы шешудің дәлдігі мен жылдамдығы бағаланады. Барлық спорт түрлеріндегі көптеген қозғалыстар мен әр қозғалысты басқару әдісін үйрену ерекшеліктері оларды сипаттауға мүмкіндік бермейді. Әртүрлі қозғалыстарды жалпы биологиялық ерекшеліктер, басқарудың жалпы сипаттамалары биологиялық ұқсастық принципіне сәйкес топтарға біріктіру керек. Қозғалыстарды жіктеу ұғымы физикалық жаттығулар мен спорттық дайындықты өткізу үшін қажетті негіз болып табылады. Циклдік қозғалыстардың

физикалық негізі сөзсіз рефлексиялық және автоматты түрде қолдау көрсетілетін ритмикалық мотор рефлексі. Циклдік қозғалыстардың маңызды бөлігі – табиғи локомотивтер (жаяу жүру, жүгіру және оларға негізделген жүзу, велоспорт, есу, коньки тебу). Циклдік қозғалыстардағы айнымалылар - орындалатын жұмыстың күші мен ұзақтығы. Қозғалтқыш циклдарының жиілігі, қозғалу амплитудасы мен күші анықталады. Оны анықтау үшін жұмыстың ұзақтығын, оның күші мен қозғалыс жылдамдығына жалпы бөлу қажет. Әртүрлі спорт түрлеріндегі жазбаларды талдау жеке нәтиже ғана емес, сондай-ақ қашықтықта 10 әлемдік рекордтың орташа нәтижесі, ондаған жылдардағы жазбалардың өзгеруі мына формуламен сипатталады: $V-tP=K$, K -қозғалыс жылдамдығы, t -рекордтық уақыт, p мен k - коэффициенттер. Формуладағы коэффициенттер спорттың әртүрлі түрлеріне ғана емес, сондай-ақ әртүрлі уақыт белдеулеріне және салыстырмалы қуат аймақтары деп аталатын бірдей шектеулерге байланысты 15-20 секундқа дейінгі ұзындық бар бірінші кезең ең жоғарғы қуат аймағын білдіреді. Ең жоғарғы қуатпен жасалатын жұмыс- бұл тек қана анаэробты жұмыс, креатинді фосфат ресурстарының сарқылуына әкеледі. 60-100 метрлік спринт. Уақыттың екінші бөлімі, 3-5 мин дейін субмаксималды қуат аймағын білдіреді. Алғашқы бөлімі 1 мин дейін созылатын анаэробты, аэробты процестердің көбеюі байқалады, олардың көпшілігі басталғаннан кейін 3-5 минутқа жетеді. Үшінші сегмент 3-5 минуттан 30 мин уақытқа дейін аэробты процестер максималды деңгейге жеткен салыстырмалы жоғарғы қуат жұмысына қатысты, бірақ олар оттегі өндірісін толығымен толтырмайды, соның салдарынан межелі сызықта оттегінің маңызды бөлшегі қалыптасады. 20-30 минуттан бірнеше сағатқа дейін созылатын жұмыс орташа қуат аймағына жатады және аэробтық процестер арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, жоғары қуатпен жұмыс істеу кезінде шаршау организмнің оттегі жеткізу жүйелерінің даму деңгейімен анықталса, ол жүгіруде немесе жүзуде маңызды емес.

Ациклдік қозғалыстар бұлшықеттің қысылуының максималды күшімен, жылдамдығымен секіру, лақтыру, көтеру салмағы көрнекі әрекеттерде ату, лақтыру қозғалыстарында жақсы сипатталады. Бұл қозғалыстарда секіру, лақтыру, баяулату ритмикалық мотор рефлексін басу керек.

Қозғалыс белсенділігінің әртүрлі аспектілерін басқару мүмкіндігі бар, өнімдік сапасымен бағаланатын спорт түрлеріндегі қозғалыс: бұлшықеттердің қысылуының күші мен жылдамдығын, дененің жеке бөлшектерінің қозғалысында кешенді үйлестіруді кеңістіктегі және уақыттың бағдарлану икемділігі мен буындарын, экспрессивті қозғалыстарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандай, оған гимнастика, акробатика, мәнәрлеп сырғанау, суда жүзу жатады. Спорт жағдайында қозғалыс ішінара бәсекелестік

ережелерімен немесе бірыңғай жекпе-жек түрлері немесе ойын мазмұнына сипатталады. Қозғалыстар әртүрлі әрекеттерге байланысты үнемі өзгереді. Күрес немесе бәсекелестік үдерісіндегі жағдайға сәйкес, спорт алдында әртүрлі тапсырмалар пайда болады, ол өте шұғыл шешілуі тиіс. Тапсырманың мәні, көбінесе білетін және танымал әрекеттердің бүкіл арсеналынан тұрады.

Осылайша, бұл қозғалыс тобы жаңа қозғалтқыш әрекеттерін жасауда шығармашылықты ынталандырады. Көрнекі-мотор реакцияларының жылдамдығы жауынгерлік өнердегі қозғалыстардың табандылығы маңызды рөл атқарады. Бірақ шабуыл қозғалысының жылдамдығы оған қарағанда әлдеқайда төмен. Сондықтан қорғаныс әрекеті шабуылдаушы қарсыласының әрекеттерін болжау болып табылады. Барлық спорттық шешуші ойындар қозғалыс жылдамдығын дәл реттеуге тиісті. Қозғалыстардың кеңістіктегі дәлдігі-барлық спорттық ойындарда айрықша маңызға ие. Негізгі рөлді визуалды және моторлы рецепторлар ойнайды. Спорттық ойындарда шешілетін міндеттердің ішіндегі ең көң таралған шаралардың бірі – доптың ұшуының траекториясын және жылдамдығын анықтау. Жасалған іс-әрекет пен жетістік спортшының осы мәселені қаншалықты тез және қаншалықты дұрыс шешілетініне байланысты. Таңдалған спорт түрлеріне арнайы дене шынықтыруға және спортқа деген дайындық спорттық біліктілік талаптарына, босату талаптары бойынша жақсы бағаланады. Спортшының өз жетістіктері және өзінің таңдаған спорт түрінде ғана емес, барлық басқа спорт түрлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Спорттың жіктелуі спортшының алған үйлесімділігін жүйелі түрде қамтамасыз етеді және жетілдіреді. Біртұтас спорттық жіктеудің нормалары мен талаптары күрделі болып, осылайша жаттығу әдістерін, спорттық жабдықтарды, тактиканы жетілдіруді ынталандырды және дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Стандартты талаптардың орындалуы интегралдық сынақ, бұл нысан бойынша арнайы дене шынықтыру деңгейінің шарасы ретінде қызмет етуі мүмкін. Дегенмен, спорттық жаттығу барысында спорттық мүмкіндіктерді, онын ішінде әртүрлі құрамдас бөліктерді бақылап, өздігінен қадағалау қажет. Бұдан басқа таңдалған спорт түріндегі арнайы дене шынықтыру жаттығулары құрамында маңызды жеке партиялар ғана физикалық қасиеттерді тек өзін-өзі бақылау кезінде бағалауға болады. Мысалы, жүзгіштердің спортқа дайындығының жетекші көрсеткіштері – төзімділік, жылдамдық күші сипаттамалары, қару-жарақ пен аяқтың буындарындағы икемділік, гимнасттардың күші, жылдамдығы, үйлестіру икемділігі. Осылайша, таңдалған спорт түріндегі арнайы дене шынықтыру жаттығуларының негізгі көрсеткіштерін бақылау арқылы белгілі бір дәрежеде, спорттық сауаттылықты бағалауға болады.

Төмендегі жеке физикалық қасиеттердің көрсеткіштерін анықтау әдісі пайдаланады, оның көмегімен спортшы белгілі бір органикалық сапаны және олардың комбинациясын өз бетінше бағалай алады.

Қозғалыс жылдамдығын бағалау тестілеу, максималды жылдамдықпен орындалатын моторлақ тапсырмалар арқылы орындалады:

Оқуға арналған тест: ең күшті қағаз парағындағы максимум жиілік нүктелерімен 5 сек 3x3 кв салу;

- Қол бүгілімі және ұзарту 10 сек;
- 10 сек кейін еңкейіп, еденге қолдың ұшын тигізу
- Қадамдар саны бойынша 5 сек барынша жылдам жүру.

Жылдамдықты бағалау үшін біраз уақыт орындалатын келесі тапсырмаларды орындау:

- Қалта шахматын орналастыру;
- Манипуляциялық тест;
- Волейбол доптарын 0,5 м; диаметрі 2,5 м биіктіктегі дөңгелекке жеткізу;
- Лабиринтті жеңу;
- Теннис шарларын ұстау.
- Иық икемділікті бағалау үшін иық, бауыр және жамбас буындары қолданылады.
- Гимнастикалық сөремен кері бұру;
- Қаруды төменде келтірілген орнынан көшіру;
- Өзіңіздің қолыңызбен мүмкіндегінше төмен деңгейге жеткізу керек;
- Аяқты тік бұғу арқылы артқа қарай иілу.

Қолдың, аяқтың, іш және артқы бұлшықеттің төзімділігін бағалау үшін келесі жаттығуларды қолдануға болады:

- Біркелкі емес жолақтардағы тіректерге бүгілу және кеңейту
- Кеуденің иілуі,
- Жоғарыға қарай секіру,
- Аяқты алға қарай көтеру;
- Бір орыннан денені, арқаны иілдіру;
- Қолымызды иыққа, аяқты тік ұстап денені оңға-солға бұру.
- Қол, аяқ, іш бұлшықеттерінің статистикалық төзімділігін бағалау үшін келесі

жаттығулар орындалады:

- Серіппелі динамометрдегі максималды күштің $1/2$ және $1/4$ үздіксіз қызмет көрсетуі;
- Қолындағы стандартты ұстап тұру;
- Жолақты жартылай орындықта ұстап тұру,

- Бұрышқа назар аударыңыз;
- Денеңізді көлбеу қалпында ұстап, жамбасқа қарай бетіңізді төмен қаратыңыз.

Тепе-теңдік пен вестибулярлық тұрақтылықты бағалау үшін келесі бағалау жаттығулары қолданылады:

Едендегі тепе-теңдік: өте жақсы – 60 сек, жақсы – 55 сек, қанағаттанарлық – 50 сек дейін; 10 сек 5 ораманы алға айналдырыңыз: орамды жасағаннан кейін негізгі сенімді сақтау, бір жерден екінші жерге жету. Гипоксияға қарсылықты бағалау, тыныс алуды кейінге қалдыру функцияналдық сынақ көмегімен жүзеге асыру мүмкін. Сынақ алаңында пульс 30сек есептеледі. Тыныс алудың максималды тұтынуында 3 тыныс алудан кейін жалпы тыныс алу тереңдігі 4/3 бөлігін құрайды. Кешігу уақыты секундомер арқылы жазылады. Дем алуды қалпына келтірегеннен кейін импульстік санау есептеледі. Тыныс алуда кешіктірудің ұзақтығына қарай үлгі төмендегідей бағаланады: 39 сек - аз қанағаттанарлықсыз, 40-49 сек қанағаттанарлық, 50 астам жақсы. Оқытылған спортшылар тыныс алуды 60сек 2,5-3 мин дейін соза алады. Гипоксияға қарсылық деңгейі пульстың реакция байқалады, ол жүрек жиілігінің ұлғаюымен анықталады. Импульстың реакциясының жылдамдығы 1-2 ден көп. Жүрек-тамыр жүйесінің оттегі жетіспеушілігіне кері әсерін көрсетеді.

Осы сабақтың нәтижесінде студенттер таңдалған спорт түріне арнайы дене шынықтыруды өзін-өзі бағалау үшін қарапайым сынақтар мен бақылау жаттығуларын біледі. Арнайы және спорттық дайындықты бағалау үшін қажетті сынақтар мен бақылау тапсырмаларын дербес таңдауға, олардың нәтижелері дұрыс орындауға және бағалауға мүмкіндік береді

Аспаптар: төзімділік, жылдамдықты, күшін, икемділікті, секундомерды, бейне монитормен жабдықталған компьютерді және тактикалық мәселелерді шешуге арналған 3 шақты құрылғыларды анықтауға және бағалауға арналға сынақтар жүргізу үшін спорттық жабдықтарды пайдалану қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Құланова Қ.Қ. Жалпы және арнайы дене дайындығы // Алматы: CyberSmith, 2017– С 132 бет (оқу-әдістемелік құрал)
2. Т.А. Ботагариев Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: оқу құралы // Алматы , 2018–С 240 (кітап)
3. Гандельсман А.Б., Набатникова М.Я. Специальная выносливость спортсмена с позиций большого спорта// Теория и практика физ. культуры. 1980.- № 8 - С. 6265. (әдістемеле)

4. В.Я. Кикотя., И.С. Барчукова. Физическая культура и физическая подготовка: Учебник. // ЮНИТИ, 2016. –С 31-32 с (кітап)
- 5.Коробков А.В., Головин В.А., Масляков В.А. Дене тәрбиесі. М: Высш. Мектеп // 1983–С 8-9 (журнала)
